

**Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі**

**«Рухани жаңғыру»  
қазақстандық қоғамдық даму институты**

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ САЯСИ  
БАҒДАРЛАРЫ»**

Талдамалық баяндама

**Нұр-Сұлтан, 2021**

**«Қазақстан халқының саяси бағдарлары» әлеуметтанулық зерттеуі/ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ ИНСТИТУТЫ» КеАҚ, Нұр-Сұлтан, 2021. – 75 б.**

**Әлеуметтанулық зерттеу Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысымен жүргізілді.**

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	4
<b>1 ТАРАУ. ТҮРЛІ САЛАЛАРДА ХАЛЫҚ ӨМІРІ САПАСЫН ТАЛДАУ</b> .....	7
Өз өміріне қанағаттануы .....	7
Халықтың тұрғылықты мекеніндегі негізгі проблемалары .....	9
Халықтың білім беру және денсаулық сақтау жүйелері сапасын бағалауы .....	13
<b>2 ТАРАУ. ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЛА ЖӘНЕ АУЫЛ ӨМІРІН ҚАБЫЛДАУЫН АНЫҚТАУ</b> .....	21
Халықтың миграциялық белсенділігі.....	21
Тұрғылықты мекенін ауыстыруға ниетінің негізгі түрткілері.....	25
<b>3 ТАРАУ. ХАЛЫҚТЫҢ САЯСИ БАҒДАРЛАРЫ ЖӘНЕ САЯСИ-ПАРТИЯЛЫҚ ЖҮЙЕГЕ ҚАТЫНАСЫ</b> .....	31
Саяси көзқарастары мен саяси өмірге қатысуы .....	31
Партиялық жүйеге қатынасын анықтау .....	34
Халықтың дамудың қазақстандық моделін қабылдау деңгейін анықтау .....	38
Экономикалық және саяси басымдықтардың үйлесімділігі мен үйлесімсіздігі .....	41
<b>4 ТАРАУ. ЕЛДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТЕРІНЕ ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМ ДЕҢГЕЙІ</b> .....	45
Халықтың елдің стратегиялық серіктестеріне сенімі.....	45
Стратегиялық экономикалық және саяси «жақын» елдер .....	46
<b>5 ТАРАУ. ХАЛЫҚТЫҢ ПРЕЗИДЕНТКЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ</b> .....	50
Мемлекет басшысына сенім.....	50
Қазақстандықтар бағалауындағы ҚР Президентінің кәсіби және жеке қасиеттері .....	51
<b>6 ТАРАУ. БИЛІК ОРГАНДАРЫНА СЕНІМ ДЕҢГЕЙІ</b> .....	54
Мемлекеттік билік органдарына сенім дәрежесі .....	54
Қазақстандық полиция қызметінің нәтижелілігі.....	57
<b>7 ТАРАУ. ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ҚАТЫСУЫ</b> .....	61
Әлеуметтік желілерді қолдану жиілігі және олардың танымалдығы .....	61
Интернет және әлеуметтік желілер арқылы саяси белсенділік .....	63
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	66
<b>ҰСЫНЫСТАР</b> .....	73

## КІРІСПЕ

Соңғы онжылдықта Қазақстандағы қоғамдық және саяси өмірдің барлық салаларында болған өзгерістер қоғамның саяси және рухани өмірінің жандануына алып келді, сонымен қатар халықтың бұқаралық санасында да, саяси мінез-құлқында да айтарлықтай өзгерістер орын алды. Тұтастай және жеке алғанда қазақстандық қоғамның саяси жүйесінің даму перспективаларын бағалау үшін халықтың саяси бағдарларын анықтау маңызды болып табылады.

Қазақстандағы демократияландыру процесі мемлекеттік билік жүйесінің өзгеруіне ғана емес, сондай-ақ қоғамның саяси мәдениетінің өзгеруіне де алып келді. Қоғамның демократиялық негіздерінің қалыптасуы халықтың әлеуметтік топтарының санасы мен мінез-құлқында көрініс таба алмайтын күрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайда өтеді. Барлық болып жатқан оқиғалар адамдардың әлеуметтік және саяси тәжірибесін жинақтауына, ұстанымдардың пайда болуы мен белгілі бір мінез-құлық үлгілерінің қалыптасуына алып келеді. Елдің дамуындағы демократиялық бағытқа жаңа типтегі саяси мәдениетті қалыптастыру және жетілдіру проблемасы өте өзекті болып көрінеді. Сондықтан мұндай жағдайларда қазақстандықтардың саяси бағдарларында - санасындағы, мүддесіндегі, көзқарасы мен құндылықтарындағы өзгерістерді анықтау маңызды. Саяси қалауларды зерттеу реформалардың барысын объективті бағалау және ел дамуының стратегиясы мен тактикасын нақтылау үшін маңызды бірқатар сұрақтарға жауап табуға мүмкіндік береді.

Осы талдамалық баяндама «Рухани Жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институтының 2021 жылдың бірінші тоқсанында жүргізілген «Қазақстан халқының саяси бағдары» тақырыбындағы әлеуметтанулық зерттеу нәтижелерін талдау негізінде әзірленді. Баяндама қазақстандықтардың билік органдарына, оның ішінде ҚР Президентіне, сот жүйесіне, полицияға қатынасы туралы, Қазақстанның саяси партияларына қатынасын бағалауы, сондай-ақ респонденттердің өз саяси көзқарастары туралы әлеуметтанулық ақпараттың кең спектрін алуға бағытталған ауқымды әлеуметтанулық зерттеудің қорытындысы болып табылады. Баяндамада сонымен қатар респонденттердің өзін-өзі бағалауы, материалдық әл-ауқаты, көшуге дайындығы мен өмір сүруге қолайлы әлеуметтік орта туралы мәліметтер келтірілген.

Жүргізілген әлеуметтанулық зерттеудің негізгі мақсаты халықтың саяси бағдарларын талдау болды.

Осы зерттеудің техникалық ерекшелігіне сәйкес қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеудің мынадай міндеттерін шешу көзделген:

1. Халықтың түрлі топтарының санасындағы Мемлекет басшысының имиджін анықтау;
2. Билік органдарына сенім деңгейін анықтау;
3. Саяси бағдарлардың негізгі бағыттарын анықтау;
4. Халықтың стратегиялық серіктестерге сенім деңгейін айқындау;

5. Халықтың стратегиялық, экономикалық және саяси аспектілері бойынша неғұрлым «жақын» елдерді анықтау;
6. Саяси-партиялық жүйеге қатынасты анықтау;
7. Халықтың қазақстандық даму моделін қабылдау дәрежесін зерделеу;
8. Тұрғылықты жердегі халықтың негізгі проблемаларын анықтау;
9. Әртүрлі салалардағы өмір сапасын талдау;
10. Халықтың қала мен ауыл өмірінің айырмашылығын қабылдауын талдау;
11. Халықтың білім беру мен денсаулық сақтау жүйесі сапасын бағалауын анықтау;
12. Халықтың әлеуметтік желілерге қатысу деңгейі;
13. Экономикалық және саяси басымдықтардың үйлесімдігі мен үйлесімсіздігі.

**Зерттеу объектісі:** Қазақстан Республикасының әлеуметтік-демографиялық және өңірлік сипаттамаларын репрезентациялайтын параметрлер бойынша таңдалған 18 және одан жоғары жастағы тұрғындары.

#### **Әлеуметтанулық зерттеудің іріктелген жиынтығы**

Іріктелген жиынтық көлемі 1200 респондентті құрады. Сауалнама 14 облыста және республикалық маңызы бар 3 қалада жүргізілді. Іріктеме келесі кезеңдер бойынша жүргізілді: облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар бойынша халық санына байланысты іріктелді. Бұдан әрі қала-ауыл қағидаты бойынша, яғни іріктеме әрбір облыста қалалық және ауылдық іріктеменің көлемі есептелді. Қалалық және ауылдық іріктеменің көлемі облыстың ерекшелігіне және статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, облыс орталығы, шағын қала және аудан орталығы, сондай-ақ ауыл (ауылдар) бойынша бөлінген. Іріктемені есептеу 1-кестеде келтірілген.

Іріктеме репрезентативті болып табылады, яғни бөлінген параметрлер бойынша респонденттердің құрамы бас жиынтықтағы тиісті пропорцияларға жақындайды. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сәйкес 2021 жылғы 01 қаңтардағы есеп бойынша 18 жастан асқан адам саны 12 521 623 мыңды құрады. Іріктелген жиынтықтың құрылымы осы мәліметтерді ескереді және көрсетеді. Бұл ретте іріктелген жиынтықтың орташа сипаттамаларының бас жиынтықтың орташа сипаттамасынан ауытқуы  $\pm 3\%$  аспайды.

*1-кесте. Жоба бойынша іріктемелік жиынтық\*, адам*

	<b>Барлығы</b>	<b>Қала</b>	<b>Ауыл</b>	<b>Ер</b>	<b>Әйел</b>
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>1200</b>	<b>720</b>	<b>480</b>	<b>565</b>	<b>635</b>
Нұр-Сұлтан қ.	73	73	0	34	39
Алматы қ.	135	135	0	58	77
Шымкент қ.	62	62	0	29	33
Ақмола облысы	51	24	27	24	27
Ақтөбе облысы	57	40	17	27	30
Алматы облысы	127	28	99	62	65
Атырау облысы	38	18	20	20	18
Батыс Қазақстан облысы	44	23	21	21	23
Жамбыл облысы	67	27	40	32	35
Қарағанды облысы	96	77	19	44	52
Қостанай облысы	63	36	27	29	34
Қызылорда облысы	48	21	27	24	24
Маңғыстау облысы	40	17	23	19	21
Түркістан облысы	110	22	88	55	55
Солтүстік Қазақстан облысы	40	19	21	19	21
Павлодар облысы	53	38	15	24	29
Шығыс Қазақстан облысы	96	60	36	44	52

*\*Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының 2021 жылғы 01 қаңтардағы деректері бойынша*

Далалық зерттеу нәтижелері бойынша «Рухани жағыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ қызметкерлері далалық бақылау, сонымен қатар далалық зерттеу деректерін кодтау және өңдеу жұмыстарын жүргізді.

Деректерді бастапқы өңдеу, сондай-ақ бір, екі өлшемді кестелерді құрастыру және корреляциялық талдау арнайы лицензияланған компьютерлік SPSS бағдарламасының, 26-нұсқасының көмегімен жүзеге асырылды.

Бастапқы ақпаратты талдаудың негізгі әдістері:

1. бір өлшемді деректерді талдау;
2. екі өлшемді деректерді талдау;
3. корреляциялық талдау.

Әлеуметтанулық зерттеуді жүргізу кезеңі – 2021 жылғы мамыр.

# 1 ТАРАУ. ТҮРЛІ САЛАЛАРДА ХАЛЫҚ ӨМІРІ САПАСЫН ТАЛДАУ

## Өз өміріне қанағаттануы

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, респонденттердің негізгі бөлігі 87,8% өз өміріне қанағаттанады немесе қанағаттанады деуге болады. Сауалнамаға қатысқандардың тек 11,3% ғана өз өмірлеріне қанағаттанбайтыны туралы айтты («қанағаттанбаймын» және «қанағаттанбаймын деуге болады» жауаптарының жиынтық көрсеткіші») (1-диаграмма).

Респонденттер арасында өмірге қанағаттану деңгейін бағалауда айтарлықтай гендерлік айырмашылық болған жоқ - ер адамдар арасында оң жауаптардың жиынтық көрсеткіші 88,4%, ал әйелдер арасында 87,3% тең.

Қала/ауыл бөлінісіндегі корреляциялық бөліністер ұқсас жағдайды көрсетеді: «қанағаттанамын» және «қанағаттанамын деуге болады» жауаптарының жиынтық көрсеткіштері арасында айтарлықтай айырмашылық анықталған жоқ (қала - 87,9%, ауыл - 87,7%).

Жас шамасы бөлінісінде сауалнамаға қатысушылардың жас санатының жоғарылауымен жеке өмірге қанағаттанудың төмендеу үрдісі байқалады. Респондент жасы неғұрлым үлкен болса, соғұрлым ол өз өміріне қанағаттанбайды. Осылайша, жоғары қанағаттану 18-29 жас аралығындағы респонденттер арасында байқалады (жиынтық көрсеткіш «Иә, қанағаттанамын» «қанағаттанамын деуге болады» 93,3%), ал бұл көрсеткіш 30-45, 46-60, 61 және одан жоғары жас топтары арасында 85,4% бастап 86,8% дейін аздап ауытқиды. Бұл жастың адам өз өміріне қанағаттану сезіміне әсер ететіні туралы айтады.


Респонденттің өмірі мен материалдық жағдайына қанағаттану арақатынасын талдау көрсеткендей, табысы тек азық-түлік сатып алуға жететін, сондай-ақ табысы бұған мүмкіндік бермейтін респонденттер (жалпы көрсеткіштер сәйкесінше 17,8% және 20,8%) өмірге қанағаттанбауды көрсетеді.

Өз өміріне қанағаттанбаудың жоғары жиынтық көрсеткіштері Маңғыстау (30,5%), Солтүстік Қазақстан (22,5%) және Батыс Қазақстан (20,5%) облыстарының тұрғындарына тән.

Респонденттердің этникалық тиесілігі тұрғысынан әртүрлі ұлт өкілдерінің өз өміріне қанағаттану дәрежесіндегі айырмашылық анықталды: қандай да бір дәрежеде өміріне қанағаттанбағандардың жиынтық көрсеткіші қазақтар арасында ең азы - 10,2% және басқа ұлттар арасында - 9,2%, көрсеткіштің өсуі орыстар арасында - 15,6% байқалады.

### 1-диаграмма

«Айтыңызшы, сіз өз өміріңізге қанағаттанасыз ба?» сұрағына жауаптардың бөлінуі



Әрі қарай, респонденттер өз аймақтарындағы өмірдің басқа аспектілеріне қанағаттану деңгейіне қатысты сұрақтарға жауап берді. Алынған нәтижелер, ең алдымен, мектептердің қол жетімділігі туралы айтады - 81,9%. Қала және ауыл тұрғындарының жауаптарында айтарлықтай айырмашылықтар байқалмайды (84,5% - қала тұрғындары, 78,0% - ауыл тұрғындары).

Қанағаттану дәрежесі бойынша екінші орында «балабақшалардың қол жетімділігі», бұл туралы сауалнамаға қатысқандардың 71,1% айтады. Бұл көрсеткіш қалалық ортада жоғары - мұнда 76,0%, ал ауылда - 63,6%.

Денсаулық сақтау мекемелерінің қол жетімділігін 62,7% сауалнамаға қатысушы атап өтті, оның ішінде көбіне қала тұрғындары 68,8% (ауыл тұрғындары - 53,6%).

Респонденттердің 62,3% өздерінің елді мекендеріндегі судың сапасына қанағаттанғанын атап өтті, оның ішінде қалада - 64,1%, ауылда - 59,5%.

Аулалар мен көшелерді жарықтандыру 59,3% құрады, атап айтқанда, 64,2% қала тұрғындары, 52% ауыл тұрғындары қанағаттанады (2-кесте).

Қанағаттанудың ең төмен көрсеткіштері мынадай салаларда тіркелген: тұрғын үйлердің ішкі жағдайы бойынша ПИК (КСК) жұмысына наразылық (36,4%), мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қала мен ауыл инфоқұрылымының қол жетімділігі (39,6%) және тұрғындардың қажеттіліктеріне әкімдіктің назар аударуы (44,1%). Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қала мен ауыл инфоқұрылымының қол жетімділігіне қатысты қанағаттанушылығы бірдей сипатқа ие. Бұл мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған нысандардың ауылдық және қалалық орта мүмкіндіктерімен тең дәрежеде қолжетімсіз екенін көрсетеді.

Қала мен ауыл бойынша әкімдік жұмысына ауыл тұрғындары – 49,5%, қалалықтарға қарағанда - 40,5% қанағаттанғаны анықталды. Корреляцияларды талдау өңірлерге байланысты облыстардың: Батыс



Қазақстан, Алматы облыстары мен Шымкент қаласының (тиісінше 77,3%, 66,9% және 74,2%) респонденттері арасында әкімдіктің назар аударуына жоғары қанағаттанбайтындығын көрсетеді.

Жалпы, алынған нәтижелерге сүйене отырып, елдің инфрақұрылым саласындағы проблемалар туралы айтуға болады. Оның көп бөлігі 50% асады. Демек, мемлекеттік органдар, атап айтқанда әкімдіктер мұны назарға алуы қажет.

## 2-кесте

*«Сіз тұратын қала/кент/ауыл туралы айтқанда, қанағаттанасыз ба, жоқ па...»  
сұрағына жауаптарның бөлінуі, (%)*

<b>Жауап нұсқалары</b>	<b>Қанағаттанамын</b>	<b>Қанағаттанбаймын</b>	<b>ЖБҚ</b>
Судың сапасы	<b>62,3</b>	37,3	0,5
Тұрғындардың қажеттіліктеріне әкімдіктің назар аударуы	44,1	49,3	6,7
Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қала немесе ауыл инфрақұрылымының қолжетімділігі	39,6	46,5	13,9
Балаларды дамыту мүмкіндіктері	56,8	36,6	6,7
Балабақшалардың қол жетімділігі	<b>71,1</b>	22,8	6,2
Мектептердің қол жетімділігі	<b>81,9</b>	13,6	4,5
Денсаулық сақтау мекемелерінің қол жетімділігі	<b>62,7</b>	34,4	2,8
Мәдениет мекемелерінің қол жетімділігі	55,0	40,2	4,8
Спорт кешендері мен құрылыстарының қол жетімділігі	53,7	41,9	4,4
Көшелер мен аулалардың тазалығы мен тазалық сапасы	53,9	42,9	3,2
Аулалар мен көшелерді жарықтандыру	<b>59,3</b>	38,1	2,6
Серуендеуге және демалуға арналған орындардың болуы	56,9	38,8	4,3
Тұрғын үйлердің ішкі жағдайы бойынша ПИК (КСК) жұмысы	36,4	42,8	20,8
Газдандырудың қолжетімділігі	55,0	29,0	16,0

## Халықтың тұрғылықты мекеніндегі негізгі проблемалары

Халықтың өмір сүру деңгейін талдау кезінде респонденттің тұрғылықты мекеніндегі проблемаларды зерттеу өзекті болып табылады. Демек, халыққа тұратын аймағы бойынша проблемаларды көрсететін сұрақ қойылды. Нәтижелерді талдау бірінші кезекте респонденттерді бағалар мен тарифтердің өсуі, инфляция (60,2%) аландатады, бұл ретте көрсеткіштің биылғы жылы 10,3% өсуі байқалады. Жалпы, бүкіл әлемді шарпыған коронавирус пандемиясы елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсер етпеуі мүмкін емес екенін атап өткен жөн. COVID-19 вирусның таралуын тоқтату бойынша басқа мемлекеттер қолданатын шаралар, атап айтқанда, елдердің жабылуы, өнім бағасының өсуі Қазақстанның импортына әсер етеді.

Осыған байланысты, сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтановтың айтуынша, елімізде 2021 жылдан бастап әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы 2,6% өсті, жылдық мәнде олар 13,2% қымбаттады <sup>1</sup>. Бұдан әрі жалақының төмендігі және әлеуметтік жәрдемақылар төмендігі мәселесі туындайды (2020 жылы 45,8% осы жылғы 39,6% қарсы).

Атап өту жиілігі бойынша үшінші орында жұмыссыздық және жұмысқа орналасу кезіндегі қиындықтар мәселесі тұр, оны 42,6% атап өтті, бірақ бұл өткен жылмен салыстырғанда 5,3% азайған. Төртінші орында - тұрғын үй мәселелері (30,9% өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 1,1% азайды).

Бірінші бес проблеманы сыбайлас жемқорлық жабады, ал ағымдағы және өткен жылдары бұл мәселені сауалнамаға қатысқандардың 26,9% атап өтті.

«Жалпы бәрі жақсы, нақты мәселе жоқ» нұсқасын атап өткендердің үлесі 11,2% құрайды, өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіш 4,1% артты (3-кесте).

### 3-кесте

«Өз аймағыңыздағы ең өзекті мәселелерді атаңыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, (%)

	2021	2020	2019
Бағалар мен тарифтердің өсуі, инфляция	60,2	49,9	39,1
Жұмыссыздық және жұмысқа орналасу кезіндегі қиындықтар	42,6	47,9	51,3
Еңбекақының төмендігі және әлеуметтік жәрдемақылардың төмендігі	45,8	39,6	44,2
Тұрғын үй мәселелері	30,9	32	32
Сыбайлас жемқорлық	26,9	26,9	19,4
Білім беру мен денсаулық сақтаудың төмен деңгейі	24,9	26,5	11,1
Елді мекендегі жолдардың нашар жағдайы	23,5	20,5	0,3
Экологиялық мәселелер	24,5	19,5	9,5
Борыштық міндеттемелер, яғни кредиттер	19,8	18,2	9,2
Қылмыс	8,3	13,9	9,2
Жергілікті биліктің әрекетсіздігі	13,6	12	
Дәстүрлі емес діни ағымдар	7,3	11,1	2,7
Жалпы бәрі жақсы, нақты мәселе жоқ	11,2	7,1	
Балаларды/балалалықты әлсіз қорғау	7,2	6,8	1,6
Көші-қон, келушілер мен кетушілердің санының артуы	8,8	6,3	2,1
Құқық қорғау органдарының озбырлығы, тәуелсіз сот жүйесінің болмауы	6,6	5,8	1,3
Жауап беруге қиналамын	0,5	1,2	

Респонденттің елді мекенімен корреляция нәтижелері келесі тенденцияны байқауға мүмкіндік берді: бастапқы позицияларға қала тұрғындары мен ауыл тұрғындары бағаның өсуі (69,2 және 46,7%), төмен жалақы (51% және 37,9%) және жұмыссыздық (40,9% және 45,2%) проблемаларын қойды, алайда ауыл тұрғындары үшін қалалықтардан

<sup>1</sup> <https://kursiv.kz/news/ekonomika/2021-03/kazakhstancam-obyasnili-rost-cen-na-produkty>

айырмашылығы, алғашқы екі проблема онша маңызды емес. Әрі қарай, проблемалардың төртінші және бесінші позицияларын таңдағанда, сәйкессіздік пайда болады. Мәселен, егер қала тұрғындары үшін тұрғын үй (35,9%) және сыбайлас жемқорлық (31,8%) проблемалары маңызды болса, ауыл тұрғындары үшін өзекті проблемалардың төртінші және бесінші орындарды өз елді мекендерінде жолдардың нашар жағдайы (27,2%) және білім беру мен денсаулық сақтаудың төмен деңгейі (24,7%) алады.

Респонденттің әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларымен корреляцияны талдау мынаны көрсетеді: жоғары бағалар мен тарифтердің өсуі, инфляция проблемасын атап өту жиілігі ауыл тұрғындарына қарағанда (46,7%) қала тұрғындары арасында (62,2%) жоғары. Жұмыссыздық және жұмысқа орналасу кезіндегі қиындықтар сауалнамаға қатысқан респонденттердің барлық жастары үшін бірдей тән, көрсеткіштер 40,3%-дан 43,9% дейін ауытқиды. Еңбекақының төмендігі және әлеуметтік жәрдемақының төмендігі 30-45 жастағы қазақстандықтарды жиі алаңдатады (51,4%), қалған барлық жас санаттары үшін көрсеткіш 40,9% бастап 44,4% дейін ауытқиды. Тұрғын үй проблемалары жастар үшін де, егде жастағы респонденттер үшін де бірдей маңызға ие.

Төменде өңірлер бөлінісі бойынша проблемалардың үштігін ұсынамыз.

*1. Ақмола облысы*

- Бағалар мен тарифтердің өсуі, инфляция (84,3%);
- Еңбекақының төмендігі және әлеуметтік жәрдемақылардың төмендігі (74,5%);
- Елді мекендегі жолдардың нашар жағдайы (47,1%);

*2. Ақтөбе облысы*

- Жұмыссыздық және жұмысқа орналасу кезіндегі қиындықтар (42,9%);
- Бағалар мен тарифтердің өсуі, инфляция (32,1%);
- Елді мекендегі жолдардың нашар жағдайы (32,1%);

*3. Алматы облысы*

- Жұмыссыздық және жұмысқа орналасу кезіндегі қиындықтар (48%);
- Бағалар мен тарифтердің өсуі, инфляция (45,7%);
- Еңбекақының төмендігі және әлеуметтік жәрдемақылардың төмендігі (38,6%);

*4. Атырау облысы*

- Экологиялық мәселелер (34,2%);
- Елді мекендегі жолдардың нашар жағдайы (28,9%);
- Жұмыссыздық және жұмысқа орналасу кезіндегі қиындықтар (15,8%);

*5. Батыс Қазақстан облысы*

- Бағалар мен тарифтердің өсуі, инфляция (61,4%);
- Экологиялық мәселелер (50%);
- Елді мекендегі жолдардың нашар жағдайы (45,5%);

*6. Жамбыл облысы*

- Бағалар мен тарифтердің өсуі, инфляция (70,1%);
- Жұмыссыздық және жұмысқа орналасу кезіндегі қиындықтар (68,7%);
- Еңбекақының төмендігі және әлеуметтік жәрдемақылардың төмендігі (41,8%);

#### 7. Қарағанды облысы

- Бағалар мен тарифтердің өсуі, инфляция (67,7%);
- Еңбекақының төмендігі және әлеуметтік жәрдемақылардың төмендігі (49%);
- Экологиялық мәселелер (29,2%);

#### 8. Қостанай облысы

- Бағалар мен тарифтердің өсуі, инфляция (73%);
- Еңбекақының төмендігі және әлеуметтік жәрдемақылардың төмендігі (47,6%);
- Көші-қон, келушілер мен кетушілердің санының артуы (38,1%);

#### 9. Қызылорда облысы

- Экологиялық мәселелер (66,7%);
- Бағалар мен тарифтердің өсуі, инфляция (56,3%);
- Тұрғын үй мәселелері (43,8%);

#### 10. Маңғыстау облысы

- Борыштық міндеттемелер, яғни кредиттер (40%);
- Тұрғын үй мәселелері (35%);
- Білім беру мен денсаулық сақтаудың төмен деңгейі (35%);

#### 11. Түркістан облысы

- Жұмыссыздық және жұмысқа орналасу кезіндегі қиындықтар (73,6%);
- Еңбекақының төмендігі және әлеуметтік жәрдемақылардың төмендігі (60,9%);
- Сыбайлас жемқорлық (60%);

#### 12. Павлодар облысы

- Бағалар мен тарифтердің өсуі, инфляция және еңбекақының төмендігі және әлеуметтік жәрдемақылардың төмендігі (83%);
- Жұмыссыздық және жұмысқа орналасу кезіндегі қиындықтар (58,5%);
- Еңбекақының төмендігі және әлеуметтік жәрдемақылардың төмендігі (54,7%);

#### 13. Солтүстік Қазақстан облысы

- Бағалар мен тарифтердің өсуі, инфляция және еңбекақының төмендігі және әлеуметтік жәрдемақылардың төмендігі (65%);
- Еңбекақының төмендігі және әлеуметтік жәрдемақылардың төмендігі (32,5%);
- Сыбайлас жемқорлық (27,5%);

#### 14. Шығыс Қазақстан облысы

- Бағалар мен тарифтердің өсуі, инфляция (52,1%);
- Жұмыссыздық және жұмысқа орналасу кезіндегі қиындықтар (40,6%);
- Елді мекендегі жолдардың нашар жағдайы (34,4%);

#### 15. Нұр-Сұлтан

- Бағалар мен тарифтердің өсуі, инфляция (87,7%);
- Еңбекақының төмендігі және әлеуметтік жәрдемақылардың төмендігі (79,5%);
- Тұрғын үй мәселелері (58,9%);

#### 16. Алматы

- Бағалар мен тарифтердің өсуі, инфляция (76,3%);
- Еңбекақының төмендігі және әлеуметтік жәрдемақылардың төмендігі (43,7%);
- Тұрғын үй мәселелері (39,3%);

#### 17. Шымкент

- Еңбекақының төмендігі және әлеуметтік жәрдемақылардың төмендігі (71%);
- Бағалар мен тарифтердің өсуі, инфляция (64,5%);
- Жұмыссыздық және жұмысқа орналасу кезіндегі қиындықтар (56,5%).

### Халықтың білім беру және денсаулық сақтау жүйелері сапасын бағалауы

Әлеуметтік ортаны бағалау тұрғысынан респонденттерден әртүрлі деңгейдегі білім сапасына қаншалықты қанағаттанғанын бағалауы анықталды. Бағалау үшін мектепке дейінгі білім, орта білім, арнайы орта білім және жоғары білім ұсынылды. Мәселен, сауалнамаға қатысқандардың 74,3% мектепке дейінгі білімге; 66,7% орта білімге; 60,3% арнайы орта білімге; 57% жоғары білімге қанағаттанады. Бір қызығы, білім деңгейі неғұрлым жоғары болса, респонденттердің қабылдауында оның сапасы соғұрлым нашар болады. Оның ішінде ағымдағы жылдың көрсеткіштері өткен жылмен салыстырғанда төмендеуде (4-кесте).

#### 4-кесте

«Сіз өз аймағыңыздағы білім сапасына қаншалықты қанағаттанасыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, («Толық қанағаттанамын» және «Қанағаттанамын деуге болады» жауаптарының қосындысы) (%)

	2021	2020
Мектепке дейінгі білім (балабақшалар)	74,3	79,6
Орта білім (мектептер)	66,7	72,5
Арнайы орта білім (колледждер, техникумдар)	60,3	68,1
Жоғарғы білім	57,0	64,4

COVID-2019 коронавирустық инфекциясы әсерінен елде қалыптасқан жағдайларға байланысты өткен және ағымдағы жылдары қазақстандық мектептер мен жоғары оқу орындарында оқыту онлайн форматта өтті. Осыған байланысты қашықтықтан оқыту форматына қатысты халықтың субъективті бағасын зерттеу өзекті болып көрінеді. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, қазақстандықтар арасында онлайн оқыту форматына қанағаттанбауды атап өтуге болады, өйткені тек 26,7% қашықтықтан оқыту форматына қанағаттанамын деуге болады жауап нұсқасын белгіледі, ал респонденттердің тек 9,3% толық қанағаттанады, жауаптардың басым бөлігі осы сұраққа жауап беруде қиналатыны туралы атап өтті.

Сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі 57,4% онлайн-форматқа көшкен білімге қанағаттанбайды, оның ішінде 27,5% қанағаттанбаймын деуге болады, 29,9% қанағаттанбайтынын атап өтті.

## 2-диаграмма

*«Соңғы жылы қалыптасқан жағдайларға байланысты білім беру мекемелері онлайн форматта оқуға көшті. Онлайн оқыту форматына қанағаттанасыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, (%)*



Онлайн форматта білім беруге қанағаттану респонденттердің жас санатына байланысты өзгереді. Жастар арасында ең жоғары көрсеткіш байқалады. Бірінші топта (18-28 жас) қанағаттану көрсеткіші 32% тең. Екінші топта (61 жас және одан жоғары) қашықтықтан оқытуға 27,2% қанағаттанған. Қанағаттанудың салыстырмалы түрде төмен деңгейі 30-45 және 46-60 жас аралығында байқалады (сәйкесінше 25,3% және 23,8%).

Әрі қарай, біз «қала/ауыл» айнымалысын, яғни респонденттер тұрғылықты мекенінің түрін қарастырамыз. Қала тұрғындары мен ауыл тұрғындарының оң бағасы әртүрлі. Сонымен қатар, онлайн форматта қала тұрғындары аз қанағаттанады, жиынтық көрсеткіш 21,4% құрайды, бұл ауыл респонденттеріне қарағанда 13,3% аз.

Өңірлік бөлініс онлайн оқыту форматымен қанағаттанбаған келесі өңірлерде ең жоғары жиынтық көрсеткіштерді тіркеді: Нұр-Сұлтан қаласы (83,6%), Батыс Қазақстан облысы (77,3%), Алматы қаласы (68,1%), Шымкент қаласы (62,3%), Қарағанды облысы (60,4%).

Әрі қарай, тұрғындардың онлайн оқыту форматына қанағаттанбауының себептерін анықтау мақсатында сұрақ қойылды: «Сіз неге онлайн оқыту форматына қанағаттанбайсыз?». Бұл сұраққа алдыңғы сұрақта «қанағаттанбаймын деуге болады» және «қанағаттанбаймын» нұсқаларын атап өткен респонденттер жауап берді. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, онлайн форматта оқытуға қанағаттанбауға әсер ететін басты фактор оқушылардың үлгерімінің төмендеуі болып табылады, яғни респонденттердің 51,6% осыны жауап нұсқасын белгілеп өтті. Қашықтықтан оқытудың теріс салдарының маңызды факторлары «оқу атмосферасының болмауы» (27,8%) және «оқытушының оқушылармен тікелей байланысының болмауы» (24,7%) болып табылады, сауалнамаға қатысқандардың бестен бірі оқушының көру қабілетіне теріс әсерін атап өтті (20,1%). Сауалнама барысындағы ең төмен көрсеткіштер «оқытушылардың онлайн форматта оқуға даярлығы жоқтығы» (17,9%), «техникалық ақаулардың пайда болуы» (17,8%), «оқу процесінде сыртқы істерге алаңдау өте оңай» (14,6%) жауап нұсқаларына тиесілі.

### 3-диаграмма

«Сіз неге онлайн оқыту форматына қанағаттанбайсыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, (%)



Осы тараудың келесі сұрақтар блогы медициналық бағытқа арналған. Осыған байланысты біз денсаулық сақтау жүйесінің әртүрлі аспектілеріне деген көзқарасты қарастырамыз. Алынған нәтижелерге сәйкес, Қазақстан

халқы көбінесе жедел жәрдем көрсетуге қанағаттанады, жауаптардың 65,1% құрады, олар «толығымен қанағаттанамын» және «қанағаттанамын деуге болады» жауап нұсқаларын атап өткен болатын. 2020 жылы жедел жәрдем жұмысына қанағаттанғандардың үлесі 51,6% құраса, 2021 жылы ол 13,5% артып, 65,1% құрады.

Оның ішінде, респонденттердің бағалауларында денсаулық сақтаудың мынадай критерийлері басымдыққа ие: «медицина қызметкерлерінің кәсіпқойлығы» (2021 жылы 61,4%, 2020 жылы 57,1% қарсы), «дәрі - дәрмектердің қолжетімділігі» (41,6% қарсы 59,7%). Бұл көрсеткіштің артуы 2020 жылы жүргізілген сауалнама елдегі коронавирустық инфекцияның шыңына жетуіне байланысты болуы мүмкін, сол себепті дәрі-дәрмектердің жетіспеу проблемалары болды. Биыл бұл мәселе мемлекет деңгейінде реттелді, соның есебінен көрсеткіш 18,1% көтерілді.

Сондай-ақ, 50% белгісінен жоғары нұсқаларды атап өту керек. Аталған нұсқалар: «емделушілерді қабылдау жүйесі» (56,8%), «қажетті медициналық жабдықтармен жарақтандырылуы» (56,1%) және «кадрлармен жасақталуы» (54,7%). Халықтың ең аз бөлігі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізумен қанағаттанады. Бұл жағдайда респонденттердің пікірі бірдей бөлінді. Респонденттердің 50% оларға қанағаттанады, сонымен қатар сауалнамаға қатысқандардың ұқсас бөлігі МӘМС енгізуге қанағаттанбайды. Алайда, осы жылы көрсеткіштің 1,4% өсуі байқалады.

Денсаулық сақтау жүйесінің аспектілерін қабылдау шеңберінде қанағаттанудың ең төменгі бағасы «медициналық қызметтерге квоталарды бөлу жүйесі» нұсқасына берілді, осы жауапқа қанағаттанғандардың үлесі тек 46,8% құрайды, бұл ретте осы жағдайда көрсеткіштің ағымдағы жылы 2,2% біршама төмендеу үрдісі байқалады, ал қалған нұсқалар бойынша арту байқалады.

Өткен және биылғы жылғы денсаулық сақтау жүйесі аспектілерімен қанағаттануды бағалау серпінін талдау медициналық қызметтерге квоталарды бөлу аспектісінен басқа көрсеткіштердегі осы жылғы кейбір өсуді анықтауға мүмкіндік берді. Көрсеткіштің ең жоғары өсуі дәрі-дәрмектердің қолжетімділігіне қатысты байқалады, биыл өсім - 18,1% құрады. Көрсеткіштердің айтарлықтай өсуі жедел жәрдем жұмысына да тән. Бұл жағдайда көрсеткіш 13,5% артты. Сонымен қатар, денсаулық сақтау мекемелерінде қажетті медициналық жабдықтармен жарақтандырылуы 10,8% өсті.

Өңірлік бөліністе жедел жәрдем көрсетуге қанағаттанған халықтың үлесі бойынша Қызылорда (95,8%), Қостанай (92,1%), Ақмола (74,5%), Ақтөбе (73,7%), Солтүстік Қазақстан облыстары, Нұр-Сұлтан қаласы (86,1%) және Алматы қаласы (76,3%) көш бастап тұр.

Осы аспектіге қатысты қанағаттанудың төмен деңгейі келесідей облыстардың тұрғындарына тән: Павлодар (45,3%), Шығыс Қазақстан (41,7%), Батыс Қазақстан (36,4%) және Маңғыстау облыстары (17,5%).



Келесі критерий - медицина қызметкерлерінің кәсіпқойлығына қатысты - Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау және Алматы облыстарының тұрғындары жоғары баға береді (тиісінше 92,1%, 89,6%, 87,1% және 80,3%).

Дәрі-дәрмектердің қолжетімділігін Жамбыл (94%), Қызылорда (93,8%), Қостанай (76,2%) облыстарының тұрғындары ерекше атап өтті.

Өздеріңіз білетіндей, қанағаттанудың ең төменгі белгісі медициналық қызметке квоталарды бөлу жатады. Денсаулық сақтау жүйесінің бұл аспектісіне қай аймақтардың тұрғындары қанағаттанбайды? Өңірлер бөлінісіндегі нәтижелер Маңғыстау (75%), Солтүстік Қазақстан (67,5%), Батыс Қазақстан (63,6%) облыстарының және Шымкент қаласының (62,9%) тұрғындарында медициналық қызметке квоталарды бөлуге қатысты қанағаттанбаудың аса жоғары деңгейді көрсетеді.

#### 5-кесте

*«Сіз денсаулық сақтау жүйесін келесі критерийлер бойынша қалай бағалайсыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі («Толық қанағаттанамын» және «Қанағаттанамын деуге болады» жауаптарының қосындысы) (%)*

	2021	2020
Медицина қызметкерлерінің кәсіпқойлығы	61,4	57,1
Емделушілерді қабылдау жүйесі (кезек, онлайн жазба)	56,8	52,6
Кадрлармен жасақталуы (медициналық қызметкерлермен қамтамасыз ету)	54,7	49,8
Дәрі-дәрмектердің қолжетімділігі	59,7	41,6
Қажетті медициналық жабдықтармен жарактандырылуы	56,1	45,3
Жедел жәрдем көрсету	65,1	51,6
Медициналық қызметке квоталарды бөлу жүйесі	46,8	49
МӘМС енгізу (міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру)	50	48,6

Бұдан әрі респонденттерден елдегі, тұрғылықты жері және олардың елді мекеніндегі денсаулық сақтау жүйесінің жай-күйі туралы сұрақ қойылды. Респонденттердің 58,5% елдегі денсаулық сақтау жағдайын оң бағалайды, олардың төрттен бір бөлігінен астамы «жақсы» деген баға береді, қалған үлесі, яғни 41,7% «жақсы деуге болады» деген жауап нұсқасын таңдайды.

Тұрғылықты аймақтағы денсаулық жағдайына 53,1% респондент жақсы және жақсы деуге болады деп бағалайды. Бұл жағдайға көбінесе Қызылорда (97,9%), Қостанай (84,1%), Атырау (73,7%), Ақтөбе (71,9%), Алматы (71,7%) облыстарының тұрғындары бейім.

Қазақстандықтардың өз елді мекеніндегі медицинадағы жағдайға қатысты бағалауы орташа. Сонымен, денсаулық сақтау жүйесінің жай-күйі «жақсы» және «жақсы деуге болады» деп 50,8%, ал 44,1% жаман деп бағалады (жауаптардың жалпы саны «жаман деуге болады» және «жаман»). Қала тұрғындары мен ауыл тұрғындарының жауаптарында айқын айырмашылықтар байқалмайды (тиісінше 50,2% және 51,6%).

**6-кесте**

**«Жалпы елдегі, сіздің аймағыңыздағы және сіздің елді мекеніңіздегі Денсаулық сақтау жүйесінің жай-күйін бағалаңыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі**


	Жақсы	Жақсы деуге болады	Жаман деуге болады	Жаман	Жауап беруге қиналамын
Елде	16,8	41,7	26,3	8,3	6,9
Ауданда	12,7	40,4	30,8	10,0	6,1
Елді мекенде	12,8	38,0	28,6	15,5	5,2

Пандемия кезіндегі денсаулық сақтау жүйесінің жай-күйін зерттеу аясында келесі сұрақ өзекті болды: «Сіздің ойыңызша, билік қабылдаған шаралар COVID-19 таралуын тоқтату үшін жеткілікті ме?». Сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі қабылданған шаралар жеткілікті деп жауап берді (58,7%). Респонденттердің төрттен бірі одан да қатаң шаралар қажет деп санайды. 18,5% шараларды тым қатал деп бағалады.

Неғұрлым қатаң шаралардың қажеттілігі туралы көбінесе ауыл тұрғындары айтады (13,2% қарсы 20,5%).

**4-диаграмма**

**«Сіздің ойыңызша, билік қабылдаған шаралар COVID-19 таралуын тоқтату үшін жеткілікті ме?» сұрағына жауаптардың бөлінуі**



**Тарау бойынша қорытынды:**

Сауалнама нәтижелерін талдау пандемия жылындағы өмірге қанағаттанудың субъективті бағасы пандемия алдындағы жылмен салыстырғанда сәл төмен екенін көрсетті. Пандемияға дейінгі кезең, 2019 жылдың қорытындылары бойынша, өз өміріне қанағаттанушылықты 89,8% деңгейінде көрсетті. Ағымдағы жылы қанағаттанғандардың үлесі 87,8% құрады.

Осыған байланысты, әлеуметтік-экономикалық мәселелердің ушығуы, оқшаулану және басқа пандемияға байланысты шектеуші шаралар олардың өміріне қанағаттанудың жалпы деңгейіне әсер етуі мүмкін.

Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасымен корреляциялық үлестіруді тереңдету кезінде респонденттердің жасы ұлғайған

сайын өмірге қанағаттану деңгейінің төмендеуі байқалады. Яғни, респондент неғұрлым үлкен болса, соғұрлым ол өз өміріне аз қанағаттанады. Бұл егде жастағы адамдарда психикалық бұзылулардың, неврологиялық бұзылулардың немесе проблемалардың, психобелсенді заттарды қолданудан, сондай-ақ денсаулықтың басқа да ауытқулары пайда болуына байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, қартайған сайын адамдар бір уақытта бірнеше медициналық ауытқу жағдайларына тап болуы мүмкін.

Халықтың инфрақұрылымға қанағаттануы тұрғысынан зерделеу инфрақұрылымның әртүрлі түрлерінің, атап айтқанда ауылдық жерлердегі проблемалар туралы айтады. Мәселен, мектептердің, балабақшалардың, денсаулық сақтау мекемелерінің қол жетімділігі ауыл тұрғындарына тән. Дегенмен, қала мен ауыл тұрғындарын толғандыратын өмірдің бірқатар аспектілерінде проблемалар бар. Қанағаттанудың ең төмен көрсеткіштері келесідей салаларда тіркелген: тұрғын үйлердің ішкі жағдайы бойынша ПИК(КСК) жұмысына (36,4%), мүмкіндігі шектеулі адамдар қала немес ауыл инфрақұрылымының қолжетімділігі (39,6%) және тұрғындардың қажеттілігіне әкімдіктің назар аударуы (44,1%).

Қазақстандықтарды негізінен экономикалық сипаттағы проблемалар алаңдатады: «бағалар және тарифтердің өсуі, инфляция» (60,2%), «еңбекақының төмендігі және әлеуметтік жәрдемақылардың төмендігі» (45,8%), «жұмыссыздық және жұмысқа орналастыру кезіндегі қиындықтар» (42,6%). Осы зерттеу 2019 жылы басталған сәттен бастап, ең алдымен, халықты экономикалық аспект мәселелері, атап айтқанда, азық-түлік пен тұтыну тауарлары бағасының өсуі толғандыратыны белгілі. Бұған «Рухани жаңғыру» қоғамдық бірлестігінің 2020 жылғы «Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайдың негізгі индикаторлары бойынша жедел сауалнама» және 2021 жылғы «Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайдың негізгі индикаторлары бойынша тоқсан сайынғы сауалнама» тақырыптарында жүргізген басқа да зерттеулері дәлел бола алады.

Әлемді дүр сілкіндірген короновирус пандемиясы елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсер етпей өте алмады. Мұны 2019, 2020 және 2021 жылдардағы зерттеу нәтижелерінің динамикасын талдау дәлелдейді. Өткен жылдары қазақстандықтарды бағалар мен тарифтердің өсуіне байланысты проблемалар да алаңдатты. Алайда, ағымдағы жылы көрсеткіштің 10,3 пунктке дейін күрт секіруі байқалады. Бұған басқа мемлекеттердің COVID-19 вирусын таралуын тоқтату барысындағы шаралары, атап айтқанда, елдердің шекараларының жабылуы, өнім бағасының көтерілуі себеп болуы мүмкін, бұл кейіннен Қазақстанның импортына әсер етті. Осыған байланысты, сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтановтың айтуынша, елімізде 2021 жылдан бастап әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы 2,6% өсті, жылдық мәнде олар 13,2% қымбаттады. Оның ішінде бағаның көтерілуі, мысалы, жұмыртқа өндірісінің 8,4% қысқаруына, жемшөп пен пестицидтердің 25% қымбаттауына, сондай-ақ құс тұмауының таралуына байланысты болды. Күнбағыс майы мен қант бағасының өсуі әлемдік бағаның

өсуіне, көрші елдердегі егіс алқаптарының қысқаруына және экспорттық өнімнің қымбаттауымен байланысты болды<sup>2</sup>.

Тарифтердің өсуі электр энергиясының шекті тарифтеріне өзгерістер енгізу туралы энергетика Министрлігі бұйрығының жобасымен байланысты. Тарифтерді 2021 жылдан бастап арттыру ұсынылады<sup>3</sup>.

Әртүрлі деңгейдегі білім беру сапасына қанағаттанудың орташа көрсеткіші 64,6% құрайды. Ең төменгі баға жоғары білімге тиесілі. Айта кету керек, 2021 жыл 2020 және 2019 жылдармен салыстырғанда білім берудің әртүрлі кезеңдерінің сапасын бағалауда, ең төменгі қанағаттану деңгейін тіркеді. Болжам бойынша, онлайн білім беру форматының енгізілуімен оның сапасына қанағаттану деңгейінің төмендеуі басталды. Респонденттердің басым көпшілігінің айтуынша, онлайн оқыту білім алушылардың үлгерімінің төмендеуіне алып келеді.

Егер білім берудің әртүрлі деңгейлерінің сапасын бағалау көрсеткіштері жағдайында құлдырау байқалса, онда денсаулық сақтау жүйесінің әртүрлі аспектілерінде, керісінше, өсу байқалады. Бүгінгі таңда респонденттер денсаулық сақтау саласын өткен жылмен салыстырғанда біршама жоғары бағалайды, өткен жылы сауалнама қатаң карантин мен елдегі ауыр эпидемиологиялық жағдай кезінде болған. Бағалаудың айтарлықтай өсуі, ең алдымен, жедел жәрдем мен дәрі-дәрмектердің қол жетімділігіне байланысты болды. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтеріне сәйкес, 2021 жылғы 14 маусымдағы жағдай бойынша коронавируспен ауырғандардың саны 404064 жетті<sup>4</sup>. Пандемияның шыңы 2020 жылы дәрі-дәрмектердің қол жетімсіздігімен байланысты проблемалар болған кезде болды. Осы жағдайды реттеуге байланысты 2021 жылы тұрғындар арасында дәрі-дәрмектің қол жетімділігіне қанағаттану 18,1% артты.

---

<sup>2</sup> <https://kursiv.kz/news/ekonomika/2021-03/kazakhstancam-obyasnili-rost-cen-na-produkty>

<sup>3</sup> [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/povyisit-tarifyi-na-elektroenergiyu-planiruyut-v-kazahstane-431109/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/povyisit-tarifyi-na-elektroenergiyu-planiruyut-v-kazahstane-431109/)

<sup>4</sup> <https://www.coronavirus2020.kz/>

## 2 ТАРАУ. ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЛА ЖӘНЕ АУЫЛ ӨМІРІН ҚАБЫЛДАУЫН АНЫҚТАУ

### Халықтың миграциялық белсенділігі

Миграция ағындары халықаралық әлеуметтік процестерді ғана емес, сонымен бірге аймақтық процестерді зерттеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Миграция сол немесе өзге өңірдің, облыстың, елді мекеннің әлеуметтік-демографиялық және экономикалық көрсеткіштеріне әсер етеді. Миграция тұрақтылығы жергілікті жердің де, жалпы елдің де тұрақты экономикалық, әлеуметтік және демографиялық дамуына ықпал етеді. Ресми мәліметтер бойынша облысшілік тасымалдар бойынша миграция сальдосы соңғы жылы небәрі 1 259 адамға артты (2019 жылғы 33 696 2020 жылы 34 955 дейін).<sup>5</sup> Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, бір жерде 1 жылдан аз тұратын респонденттердің үлесі 1,7% құрайды, бұл 2020 жылға қарағанда 1,3% аз.

Жыл сайын өз елді мекенінде 10 жылдан астам тұрып жатқан қазақстандықтардың үлесі 3% артып келеді. Бүгінгі таңда бұл 73,8% құрайды. Бір жерде 4-10 жыл және 1-3 жыл тұратын азаматтардың көрсеткіштері 2019 жылдан бастап 2% дерлік қысқарды (7-кесте).

7-кесте

«Сіз осы елді-мекенде қашаннан бері тұрасыз (қалада немесе ауылда)?» сұрағының бөлінуі, %, 2019 жылдан 2021 жылға дейінгі динамика

Жауап нұсқалары	Жыл		
	2021	2020	2019
1 жылдан аз	1,7	3	2,6
1-3 жыл	7,3	7,7	9,8
4-10 жыл	17,3	17,8	19,2
10 жылдан көп	<b>73,8</b>	<b>70,5</b>	<b>67,9</b>

\* «Жауап беруге қиналамын» жауап нұсқасынсыз

Қала/ауыл бөлінісінде жағдай ерекшеленбейді. Ауыл тұрғындары қалалықтарға қарағанда 3% аз (тиісінше 72,7% және 75,4%).

Жалпы, елді мекенде бір жылдан аз тұратын респонденттер әйелдер (2,2%), жастар (2,6%), қазақтар (2,0%) арасында басымырақ. Мұндай үрдіс өткен жылы байқалды, 2020 жылы этникалық топтар тұрғысынан орыстар басым болды (4,8%). Жалпы, бұл көрініс халықтың миграция белсенділігінің салыстырмалы түрде төмен екенін көрсетеді.

Өз қаласында/ауылында 10 жылдан астам тұратындардың арасында 18-29 жас аралығындағы жастар мен қазақтар аз кездеседі. Осылайша, жастар арасында көрсеткіш 66,2% тең, бұл өткен жылғы өлшеу көрсеткішінен (57,6%) 9% (8,6%) артты.

<sup>5</sup> По данным ИАС «ТАЛДАУ» Бюро Национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан  
<https://taldau.stat.gov.kz/ru/NewIndex/GetIndex/703903?keyword=>

Қазақтар арасында соңғы 10 жылда 69,8% респондент тұрғылықты жерін өзгерткен жоқ. Соған қарамастан, орыстар арасында бұл 86,0%, ал басқа этникалық топтардың өкілдері арасында - 74,0% құрады. Осылайша, миграция белсенділігі жастар, сондай-ақ қазақтар арасында біршама жоғары екенін көреміз (8-кесте).

8-кесте

*«Сіз осы елді-мекенде қашаннан бері тұрасыз (қалада немесе ауылда)?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %, әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар бөлінісінде\**

	1 жылдан аз	1-3 жыл	4-10 жыл	10 жылдан көп
<i>Елді-мекен типі бойынша</i>				
Қала	2,2	6,8	18,3	72,7
Ауыл	0,8	7,9	15,9	75,4
<i>Этникалық құрамы бойынша</i>				
Қазақ	2,0	8,5	19,7	69,8
Орыс	1,2	2,3	10,5	86,0
Басқа	0,8	9,2	16,0	74,0
<i>Жынысы бойынша</i>				
Ер адам	1,1	7,0	16,3	75,7
Әйел	2,2	7,5	18,3	72,0
<i>Жас шамасы бойынша</i>				
18–29 жас	2,6	8,6	22,7	66,2
30–45 жас	2,0	8,3	20,2	69,5
46–60 жас	0,7	7,8	11,5	80,0
61 және одан жоғары жас	1,1	1,7	11,7	85,6

\* «Жауап беруге қиналамын» жауап нұсқасынсыз

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің көпшілігі (71,8%) өздерінің тұрғылықты жерлерінен көшуді қаламайтындарын айтады. Қалалықтар арасында осындай ниет білдірушілер саны жоғары 74,0% (ауыл тұрғындары - 68,4%).

Басқа тұрғылықты жерге көшуге ниет білдіргендердің ішінен 11,3% Республикалық маңызы бар қаланы қоныс аудару объектісі етіп таңдайды. Ауыл тұрғындарының 18,2% жағдайда ниет білдірді. Қала халқы басқа елге көшуге ниетті - 12,2%. Бұл үрдіс таңқаларлық емес. Әрбір топ урбанизация және нақты тұрғылықты жердің инфрақұрылымы тұрғысынан дамыған топқа ұмтылады. Бұл өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында ең тартымды артықшылықтар мен перспективаларға ұмтылу (9-кесте).

Ер адамдар мен әйел адамдар іс- жүзінде тең дәрежеде Республикалық маңызы бар қалаға (тиісінше 10,5% және 11,9%) және басқа елге (тиісінше 10,5% және 8,8%) көшуге ниет білдіреді.

Этникалық құрамы бойынша Республикалық маңызы бар қалаларға көшуге 13,6% қазақтар ниет білдіріп отыр. Ал орыстар мен басқа этникалық топтар басқа елге қоныс аударғысы келетінін айтады (сәйкесінше 17,1% және 13,7%).

Басқа елге көшу 15,2% жағдайда жастарға тән. 30-45 жас және 46-60 жас аралығындағы ересек ұрпақ Республикалық маңызы бар қаланың ең қолайлы тұрғылықты жерін көрсетеді (тиісінше 11,9% және 10,2%). 61 және одан жоғары жастағы топ басқа елді мекенге көшкісі келмейтінін ең көп атап өтеді - 85,6%.

Республикалық маңызы бар қалаға Қызылорда (31,3%), Түркістан (23,6%), Маңғыстау (20,0%) облыстарының тұрғындары көбірек қоныс аударғысы келеді. Сондай-ақ, Қызылорда және Маңғыстау облыстарының тұрғындары Қазақстанның басқа өңіріне көшуге ниет білдірді (тиісінше 20,8% және 30,0%). Шымкент қаласының тұрғындары ауылдық жерлерге көшуге ең жоғары ниет білдірді (8,1%). Бұл ретте Шымкент тұрғындары басым жағдайда тұрғылықты жері бойынша басқа елді (24,2%) атап өтеді, одан кейін Батыс Қазақстан (15,9%), Павлодар (15,1%) және Қарағанды облыстарының (14,6%) тұрғындары басқа елге көшкісі келетеніндігін атап өтті.

*9-кесте*

*«Сіз өз қалаңыздан / ауылдан (ауылдан) басқа елді мекенге қоныс аударғыңыз келе ме?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %, елді-мекен типі бойынша*

<b>Жауап нұсқалары</b>	<b>Барлығы</b>	<b>Қала халқы</b>	<b>Ауыл халқы</b>
Иә, мен республикалық маңызы бар қалаға көшкім келеді	11,3	6,7	<b>18,2</b>
Иә, мен Қазақстанның басқа өңіріне көшкім келеді	5,5	4,4	7,1
Иә, мен ауылға көшкім келеді	1,8	2,6	0,6
Иә, мен басқа елге көшкім келеді	9,6	<b>12,2</b>	5,6
Жоқ, мен көшуді жоспарламаймын	<b>71,8</b>	<b>74,0</b>	<b>68,4</b>

Заманауи Қазақстан ақпараттық қоғамның қалыптасу жолында жоғары руханилықтың, шығармашылықтың өркениетін, бұқаралық бастаманы дамыту мен қоғамдық қатынастарды демократияландыруды қалыптастырады. Жаңа жағдайларда демографиялық адами ресурстардың және халықтың жекелеген топтарының даму проблемалары шиеленісе түсуде, ауылдық жерлерде тұратын халықтың ресурстық құрамы күрт қысқаруда, ауылдық жерлерде адами капиталдың азаюы жүріп жатыр. Қазіргі жағдайда жалпы халықтың және жекелеген ауылдық қауымдастықтардың даму процесінде қарама-қайшылықтар шиеленісе түседі деп айтуға болады.


10-кесте. «Сіз ауылдық жерде тұрдыңыз ба?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %, әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар бөлінісінде

	Иә	Жоқ
<i>Этникалық құрамы бойынша</i>		
Қазақ	71,9	28,1
Орыс	47,1	52,9
Басқа	55,7	44,3
<i>Жас шамасы бойынша</i>		
18-29 жас	61,0	39,0
30-45 жас	62,2	37,8
46-60 жас	69,8	30,2
61 және одан жоғары жас	68,9	31,1
<i>Елді-мекен типі бойынша</i>		
Қала	44,4	55,6
Ауыл	95,6	4,4
<i>Жынысы бойынша</i>		
Ер адам	64,9	35,1
Әйел	64,7	35,3

2020 жылғы демографиялық жүктеме коэффициентіне сәйкес ауылдық жердің тренді тұрақты жағдайда тұр. 2019 жылмен салыстырғанда ауыл халқының өсімі 0,2% төмендеді. Осылайша, қалалық аймақтың тренді соңғы екі жылда тұрақты өсуді сақтап келеді<sup>6</sup>.

Бұл үрдіс зерттеуде көрініс тапты. Бұрын ауылдық жерлерде тұрған қазақстандықтардың саны өткен жылдан бастап 1,9% (2020 жылғы 62,9% 2021 жылы 64,8% дейін) өсті. Ал 2019 жылдан бастап 2020 жылға қарай бұл көрсеткіш, керісінше, болмашы санға төмендеді (5-диаграмма). Облыс ішілік табиғи миграция байқалады. Субъективті болжамдар бойынша, қала тұрғындарының ауылдық жерлерге көшуінің басты себебі - пандемия әсерінен туындаған карантиндік шаралар. Осы жылы азаматтар халық саны тығыз емес жерлерге көшуге тырысты, ол жерлерде инфекция аз мөлшерде болды.

5-диаграмма  
«Сіз ауылдық жерде тұрдыңыз ба?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %, 2019 жылдан 2021 жылға дейінгі динамика



<sup>6</sup> По данным ИАС «ТАЛДАУ» Бюро Национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан <https://taldau.stat.gov.kz/ru/NewIndex/GetAnalytics/703832>



Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, қазақстандықтардың ауылдық портреті ең алдымен елдің титулдық ұлтымен сипатталады. Ауыл тұрғындары негізінен қазақтар болып табылады, яғни 71,9% ауылда тұрады. Ауылда тұратын орыстар мен басқа да этникалық топтар сәйкесінше 47,1% және 55,7% құрайды.

Ауылда 46-60 жастағы және 61 жастан асқан жас топтары - тиісінше 69,8% және 68,9% тұрғанды жөн көреді. Елді мекендердің түрі бойынша көрініс айқын болды. Осылайша, респонденттердің абсолютті саны (95,6%) ауылдық жерлерде тұрады. Гендерлік белгісі бойынша айырмашылық байқалмайды. Ер адамдар мен әйел адамдар тең дәрежеде ауылда тұрғандары туралы атап өтті (тиісінше 64,9% және 64,7%)

### Тұрғылықты мекенін ауыстыруға ниетінің негізгі түрткілері

Ішкі миграция - бұл әртүрлі себептер негізінде адамдардың бір жерден екінші жерге ерікті қозғалысы: экономикалық (аумақтың даму деңгейі, жұмыс орындары, жалақы), әлеуметтік (жайлылық, қауіпсіздік, инфрақұрылым), экологиялық (қолайлы немесе қолайсыз аумақ, ластану, экологиялық проблемалардың болуы).

Жоғарыда 2.1 бөлімде ауылдық жерлер өмір сүру орны ретінде танымал емес деп айтылды. Осылайша, зерттеу барысында сауалнамаға қатысушыларға «Сіздің ойыңызша, адамдардың ауылдық жерде тұруына не кедергі болады?» деген сұрақ қойылды. Нәтижелері *11-кестеде* көрсетілген.

Респонденттер ауылдағы өмірдің тартымды болмауын бірінші кезекте **жұмыстың болмауымен** байланыстырады (65,0%). Соңғы үш жыл ішінде респонденттердің қабылдауында ауылдық жұмыссыздық мәселесі бірінші орында тұр. Мұны қала тұрғындарының 67,3% және ауыл тұрғындарының 61,6% белгілеп өтті. Бұл кедергіні Нұр-Сұлтан (80,8%), Ақтөбе (80,7%) және Ақмола (80,4%) облыстарының тұрғындары атап өтеді.

2021 жылға арналған ауылдық жерлерде тұруға кедергі көшбасшы үштікке «Қалаға қарағанда төмен табыс деңгейі» - 34,7%, «Сапалы білімнің болмауы» - 25,4% сияқты нұсқалар кіреді. Ауылдық жерлердегі табыстың неғұрлым төмен болуы қала тұрғындарын ауыл тұрғындарына қарағанда көбірек алаңдатады (тиісінше 37,2% және 30,9%).

Қала мен ауыл респонденттері ауылдық жерлердегі жолдардың сапасы мен көлікті - 24,8% және 25,1%, қызметтерді алу қиындығын - 22,6% және 22,3%, сапалы білімнің болмауын - 25,4% және 25,5% тең дәрежеде өзекті деп санайды.

«Сіздің ойыңызша, адамдардың ауылдық жерде тұруына не кедергі болады?»  
сұрағына жауаптардың бөлінуі, %, 2019 жылдан 2021 жылға дейінгі динамика

	2021			2020	2019
	Барлығы	Қала	Ауыл		
Жұмыстың болмауы	<b>65,0</b>	<b>67,3</b>	<b>61,6</b>	<b>55,5</b>	<b>60,3</b>
Қызметтерді алу қиындығы	22,5	22,6	22,3	21,9	6,7
Жолдардың сапасы және көлік	<b>24,9</b>	24,8	25,1	<b>30,9</b>	4,6
Ауыр қол күш еңбегінің қажеттілігі	<b>24,3</b>	18,6	32,8	18,3	5,3
Жылу беру, отын, көмір, жанармай жеткізу мәселесін шешу қиындығы	23,3	24,7	21,1	<b>29,6</b>	8,0
Халықтың әлсіз қорғалуы, сыбайлас жемқорлық, төмен қауіпсіздік	9,9	10,4	9,2	12,1	1,4
Сапалы білімнің болмауы	<b>25,4</b>	25,4	25,5	20,9	3,0
Байланыс және коммуникация сапасының төмендігі, интернеттің болмауы	21,1	22,3	19,2	21,1	0,9
Қалаға қарағанда төмен табыс деңгейі	<b>34,7</b>	<b>37,2</b>	<b>30,9</b>	<b>28,5</b>	5,3
Бос уақытты өткізу үшін мүмкіндіктердің болмауы	8,1	7,2	9,4	11,4	0,0
Аталғанның барлығы	0,3	0,3	0,2	-	-
Ештеңе кедергі емес	0,3	0,0	0,6	-	-
Жауап беруге қиналамын	1,4	1,4	1,5	1,6	2,6

Жалпы, қала мен ауыл тұрғындарының жауаптарын салыстыру келесі тармақтарды көрсетеді. Қала тұрғындары жылу беру, отын, көмір, жанармай жеткізу мәселесін шешу қиындығы (тиісінше 24,7% және 21,1%), халықтың әлсіз қорғалуы, сыбайлас жемқорлық, төмен қауіпсіздігі (тиісінше 10,4% және 9,2%) және сонымен қатар байланыс және коммуникация сапасының төмендігі, интернеттің болмауы (19,2% қарсы 22,3%) мәселелерін шешу қажеттілігін жиі атап өтеді.

Өз кезегінде, ауыл респонденттері, өткен жылдағыдай, ауылда өмір сүрудің негізгі кемшіліктері ретінде ауыр қол күш еңбегінің қажеттілігіне (қала тұрғындары арасында 18,6% салыстырғанда 32,8%) және бос уақытты өткізу үшін мүмкіндіктердің болмауына (тиісінше 9,4% және 7,2%) көбірек мән береді. Өткен жылмен салыстырғанда мұндай тармақтар екі есе азайды (12-кесте).

Келесі мәселе ауылдан қалаға көшуге ықпал ететін факторларды анықтау болды. Мағынасы бойынша бұл алдыңғы сұраққа ұқсас, бірақ бұл жағдайда басты назар қала өміріндегі басым компоненттерге бағытталған. Өткен жылы сұрақ келесідей қойылды: «Сіздің ойыңызша, ауылдық жерлердегі адамдардың қалаға көшуіне не ықпал етеді? АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ».

Өткен жылдағыдай, 2021 жылы дамыған инфрақұрылым ауылдан қалаға көшудің алғашқы басым факторы болды. Бұл ретте, 2020 жылмен салыстырғанда оның көрсеткіші шамамен 8% (7,6%) (тиісінше 60,3% және 52,7%) төмендеді.

«Сіздің ойыңызша, ауылдық жерлердегі адамдардың қалаға КӨШУІНЕ не ықпал етеді?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %, 2020–2021 жылдар динамикасында

	2021			2020
	Барлығы	Қала	Ауыл	
Қалада өмір сүрген жақсы, инфрақұрылым дамыған	52,7	52,0	53,8	60,3
Қалада сапалы білім алуға көбірек мүмкіндіктер бар	31,2	30,3	32,4	38,0
Қалада қосымша білім алуға мүмкіндік бар	30,2	28,0	33,5	36,3
Қалада жақсы ақша табуға мүмкіндік бар	43,2	44,1	41,8	35,8
Қалада жұмыс табу оңайырақ	48,8	54,1	40,8	27,8
Қалада сапалы медициналық қызметтер бар	22,5	21,1	24,5	19,6
Қалалардың халқы мәдениетті	9,7	9,9	9,4	10,8
Қалада бос уақытты өткізуге көбірек мүмкіндіктер бар	16,0	12,7	21,1	22,7
Басқа (Аталғанның барлығы)	0,3	0,1	0,6	-
Жауап беруге қиналамын	1,1	1,3	0,8	0,8

Дамыған инфрақұрылым қалада тұру үшін бірінші кезектегі ынталандырушы, ол ауыл тұрғындары үшін - 53,8%, сондай-ақ қала тұрғындары үшін - 52,0% болмашы айырмашылықпен бірдей маңызды болып табылады. Дамыған инфрақұрылым Ақмола - 74,5%, Ақтөбе - 68,4%, Жамбыл - 65,7%, Алматы - 64,6%, Қызылорда - 64,6%, Қарағанды - 63,5% облыстары мен Шымкент қаласының тұрғындарын 63,9% қызықтырады. Бұл аспект Атырау облысының тұрғындарын - 21,1% және Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындарын - 6,9% аз қызықтырады. Гендерлік арақатынаста әйелдерге - 51,3% қарағанда, ер адамдарға 54,3% дамыған инфрақұрылым факторы сәл маңыздырақ.

Сонымен қатар, респонденттер жұмыс табу оңайырақ (48,8%) және жақсы ақша табу мүмкіндігі бар (43,2%) жауап нұсқаларын ауылдан қалаға көшудің маңызды шарты деп атады.

«Қалада жұмыс табу оңайырақ» және «жақсы табыс табу мүмкіндігі бар» өзара тәуелді ауыспалылар және көбінесе ауылдан қалаға көшуге Павлодар (тиісінше 50,9% және 73,6%), Қостанай (тиісінше 52,4% және 47,6%), Түркістан (тиісінше 51,8% және 48,2%), Шығыс Қазақстан (тиісінше 40% және 58,9%), Жамбыл (тиісінше 44,8% және 50,7%) облыстары мен Нұр-Сұлтан қалаларының (тиісінше 23,6% және 86,1%) (42,2% және 59,3%) тұрғындары ниетті<sup>7</sup>. Жыныстық белгісі бойынша бұл нұсқаларды әйелдерге - 89,8% (тиісінше 44,4% және 45,4%) қарағанда ер адамадар - 94,4% (тиісінше 41,8% және 52,5%) жиірек көрсетеді.

Ауылдан қалаға көшуге ықпал ететін үш ынталандырушы аспект, өткен жылмен салыстырғанда, басқаша қалыптасты. Дамыған инфрақұрылым осы тізімнің бірінші позициясында қалып отырғаны белгілі болды. Рейтингтегі қалған екі аспект түбегейлі өзгерді. Өткен жылы мұндай ынталандыру

<sup>7</sup> Қосындысы 100% тең емес, себебі респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын көрсете алды

базалық және қосымша сапалы білім алу мүмкіндігімен байланысты болды. Биылғы жылы бұл шарттар үшінші жоспарға ауысты: «сапалы білім алуға көбірек мүмкіндіктер бар» - 31,9%, «қосымша білім алуға мүмкіндіктер бар» - 30,2%.

Өткен жылмен салыстырғанда анағұрлым сапалы медициналық қызметтерге 3% (2,9%) жиі көңіл бөлінеді. Осылайша, сауалнамаға қатысқан 22,5% респондент сапалы медициналық қызметтерді жиі атады. Бос уақытты өткізу мүмкіндіктері 2020 жылмен салыстырғанда 6,7% төмендеді (2020 жылы - 22,7%, 2021 жылы - 16,0%).

Өз елді мекенінде жайлы тұру үшін тек жергілікті жердің әлеуметтік-экономикалық игіліктері ғана емес, сонымен қатар маңызды параметр - азаматтардың әлеуметтік және физикалық қауіпсіздігі болып табылады. Осы мақсатта сауалнамаға қатысушыларға девиантты және қоғамға қарсы мінез-құлықтың әртүрлі формалары олардың тұрғылықты жерінде қаншалықты жиі, сирек немесе ешқашан болмайтынын атап өту ұсынылды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, барлық ұсынылған қылмыс түрлері «Сирек немесе ешқашан болмайды». Сонымен, «этносаралық негіздегі қақтығыстар» нұсқасы сирек немесе ешқашан болмайтын қоғамға қарсы мінез-құлықтың өте жиі айтылған түрі болды - 75,7%. Тек 1,1% аз «жыныстық қудалау немесе қорлау» туралы айтылады - 74,6%. Көшеде есірткіні сату 72,2% жағдайда өте сирек немесе ешқашан кездеспейді. 67,0% респондент «көшеде төбелес, зорлық зомбылық» өте сирек кездесетінін айтады. 62,6% респонденттің жауабы бойынша «Полицияның немесе басқа да күш құрылымдарының жеке істерге және адамдардың өміріне араласуы» жағдайымен ешқашан кездеспеген.

«Ұрлық, тонау» және «көшеде алкогольді ішімдіктерді ішу» жағдайымен жиі кездеседі (13-кесте).

**13-кесте**  
**«Сіз тұратын жерде қаншалықты жиі келесідей жағдайлар болады?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %**

	«Өте жиі» және «Жиі» нұсқалары қосындысының көрсеткіші	Жиі емес	Сирек немесе ешқашан
Ұрлық, тонау	15,4	28,8	53,2
Көшеде алкогольді ішімдіктерді ішу	25,7	25,8	45,9
Полицияның немесе басқа күш құрылымдарының жеке істерге және адамдардың өміріне араласуы	7,3	23,5	62,6
Этносаралық негіздегі қақтығыстар	4,3	15,9	75,7
Көшеде есірткі сату	5,3	9,9	72,2
Көшедегі төбелес, зорлық-зомбылық	9,3	19,3	67,0
Жыныстық қудалау немесе қорлау	4,6	12,8	74,6

\* «Жауап беруге қиналамын» жауап нұсқасынсыз

Зерттеу нәтижелері бойынша «көшеде алкогольді ішімдіктерді ішу» жауап нұсқасы ең жоғары көрсеткішке ие болғандығы таңқаларлық емес - «өте жиі» және «жиі» жауаптары 25,7% құрайды. Мұндай мінез-құлық түрі қазіргі шынайылықта барлық жерде байқалады. Ер адамдарға қарағанда - 24,7%, әйелдер бұл фактілерді атап өтуі біршама жиі байқалады - 26,6%. Тұрақты «маскүнемдік» көбінесе ауыл халқына қарағанда - 22,1% қала халқында - 28,0% жиі байқалады. Сондай-ақ, осы оқиғаларды ең жоғары дәрежеде 61 және одан жоғары жас санаты - 29,4% және 18-29 жас - 29,0%, орыстар - 33,1%, православие дінін ұстанушылар - 32,5%, Солтүстік Қазақстан - 40,0%, Алматы - 39,4%, Павлодар - 35,8%, Шығыс Қазақстан - 35,4% облыстары мен Алматы қаласы - 37,8% тұрғындары атап өтеді.

Алкогольді тұтыну бірқатар ауыр зардаптармен бірге жүретіні белгілі. Бұл бүкіл әлемде өткір мәселе болып тұр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша жыл сайын әлемде алкогольдің әсерінен болатын аурулардан 3 миллионнан астам адам қайтыс болады. Жер шарындағы әрбір 20 адам алкогольді ішудің салдарынан қайтыс болады, олардың 75% ер адамдар<sup>8</sup>. Алматылық наркологтар 2020 жылы тәуелді науқастардың өскенін мәлімдеді. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша ішкі нарықта арақ пен ликер-арақ өнімдерін тұтыну 2020 жылғы қаңтар - қарашада бір жыл ішінде 21,5 пайызға, 35,7 миллион литрге дейін өсті, дегенмен 2018-2019 жылдары спирттік ішімдіктерді тұтынудың төмендеу үрдісі байқалды<sup>9</sup>.

### **Тарау бойынша қорытынды:**

Жыл сайын өз елді мекенінде 10 жылдан астам тұрып жатқан қазақстандықтардың үлесі 3% артып келеді. Бүгінгі таңда бұл 73,8%. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің көпшілігі (71,8%) өз жерлерінен көшуді қаламайтындарын айтады. Басқа тұрғылықты жерге көшуге ниет білдіргендердің ішінен 11,3% респондент Республикалық маңызы бар қаланы қоныс аудару объектісі етіп таңдайды. Ауыл тұрғындарының мұндай ниеті 18,2% жағдайда кездеседі.

Қала халқы басқа елге көшуге ниетті - 12,2%. Бұл үрдіс таңқаларлық емес. Әрбір топ урбанизация және нақты тұрғылықты жердің инфрақұрылымы тұрғысынан дамыған топқа ұмтылады. Өмір сапасын жақсарту мақсатында ең тартымды игіліктер мен перспективаларға ұмтылу.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, қазақстандықтардың ауылдық портреті ең алдымен елдің титулдық ұлтының басым болуымен сипатталады. Ауыл тұрғындары негізінен қазақтар болып табылады, яғни 71,9% ауылда тұрады.

Соңғы үш жыл ішінде респонденттердің қабылдауында ауылдық жұмыссыздық проблемасы бірінші орында тұр. Мұны қала тұрғындарының 67,3% және ауыл тұрғындарының 61,6% атап көрсетеді. Бұл кедергілердің

<sup>8</sup> <https://liter.kz/kazakhstan-zanyal-10-mesto-v-rejtinge-stran-s-samoj-vysokoj-smertnostyu-ot-alkogolya/>

<sup>9</sup> <https://mk-kz.kz/social/2021/04/07/za-vremya-pandemii-v-kazakhstane-vyroslo-chislo-alkozavisimykh.html>

көпшілігі Нұр-Сұлтан (80,8%), Ақтөбе (80,7%) және Ақмола (80,4%) облыстарында байқалады.

2021 жылға арналған ауылдық жерлерде тұру үшін көшбасшы үштікке сондай - ақ **«қалаға қарағанда төмен табыс деңгейі»** - 34,7%, **«сапалы білімнің болмауы»** - 25,4% сияқты нұсқалар кіреді. Ауылдық жерлердегі табыстың неғұрлым төмен болуы қала тұрғындарын ауыл тұрғындарына қарағанда көбірек алаңдатады (тиісінше 37,2% және 30,9%).

Респонденттер ауылдағы өмірдің тартымды болмауын бірінші кезекте жұмыс орындарының жоқтығымен байланыстырады (65,0%). Дамыған инфрақұрылым қалада тұру үшін бірінші кезектегі ынталандырушы болып табылады, ол ауыл тұрғындары үшін - 53,8%, сондай-ақ қала тұрғындары үшін - 52,0% болмашы айырмашылықпен бірдей маңызға ие.


### 3 ТАРАУ. ХАЛЫҚТЫҢ САЯСИ БАҒДАРЛАРЫ ЖӘНЕ САЯСИ-ПАРТИЯЛЫҚ ЖҮЙЕГЕ ҚАТЫНАСЫ

#### Саяси көзқарастары мен саяси өмірге қатысуы

Саясат қоғамның барлық салаларымен байланысты және оларға белсенді әсер етеді. Ол елдер мен халықтардың тағдырына, олардың арасындағы қатынасқа қысым түсіреді, адамның күнделікті өміріне әсер етеді. Саясат, саяси құрылым, демократия, саяси билік, мемлекет мәселелері барлық азаматтарға қатысты, әрқайсысының мүдделеріне әсер етеді. Сондықтан саяси белсенділік деңгейін және әрбір тұрғынның тартылуын өлшеу өте маңызды. Тіпті өздерін саяси жағдайға қызығушылық танытпайтын азаматтар да белгілі бір жағдайларда саясаттың субъектісі немесе объектісі болады.

Алайда, *6-диаграммадағы* әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелері қазақстандықтардың саяси құрамдас бөлікке қызығушылығының төмен көрінісін көрсетеді. Саясатқа бей-жай қарамау 2019 жылдан бері 6,3% өсті. 2019 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі шамалы өсіммен салыстырғанда, өткен жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін айтарлықтай үлкен секіріс болды. Осылайша, сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі саясатқа бей-жай қарамайды, өйткені олар өз мәселелерін шешумен айналысады - 37,7%, 2020 жылы бұл 32,1% болды. Бұл туралы мүлдем ойламағандардың үлесі баяу қарқынмен өсуде, 2021 жылы олар 33,4% құрайды.

*6-диаграмма*  
**«Сіз өзіңіздің нақты саяси сенімдеріңіз бар екені туралы айта аласыз ба?»  
сұрағына жауаптардың бөлінуі, %, 2019–2021 жылдар динамикасында**



Ең немқұрайлы қарайтындар қатарына әйелдер - 39,9% (ер адамдар - 35,2%), қала тұрғындары - 40,5% (ауыл тұрғындары - 33,4%), 61 жастағы және одан жоғары топ - 40,6%, ажырасқан азаматтар - 52,4%, орыстар - 47,9%, православиялықтар - 47,0% және ШҚО тұрғындары - 53,1%, Павлодар облысы - 49,1%, СҚО - 47,5% және Алматы қаласы - 47,4% кіреді.

Бей-жай қарамайтындардың үлесі өсіп келе жатқандықтан, саяси берік сенімі бар азаматтардың үлесі өткен жылмен салыстырғанда 6% (5,8%) күрт төмендейді. Жиынтықта осындай 28,6% құрайды (2020 жылы - 34,7%).

Олардың ішінде «Иә, мен ғылыми және саяси әдебиеттерді арнайы зерттемегеніме карамастан, нақты саяси сенімдерім бар» деген нұсқаны атап өткендер 21,6% құрайды. Көпшілігі ер адамдар - 25,4% (әйелдер - 18,1%), қала тұрғындары - 22,3% (ауыл тұрғындары - 20,5%), 46-60 жас аралығындағы жас тобы - 24,1%, қазақтар - 23,9%, ислам дінін жақтаушылар - 22,2%, Павлодар облысының тұрғындары - 37,7% және Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары - 34,2%.

«Иә, арнайы әдебиеттерді зерттеу негізінде менің саяси сенімдерім жақсы ойластырылған» жауап нұсқасын 7,3% респондент көрсеткен. Әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар бойынша бұл жағдайда үлесі жоғары ер адамдар - 8,2%, ауыл тұрғындары - 8,4%, 60 жастан асқан топтар - 7,8%, басқа этникалық топтар өкілдері - 8,4% және Маңғыстау облысының тұрғындары - 27,5% болып табылады.

Қазақстанның саяси жүйесі өзінің қалыптасу тарихында көптеген өзгерістер мен жаңғыртуларды басынан өткерді. Бірақ қазақстандықтар ел үшін неғұрлым қолайлы саяси жүйе ретінде кеңес кезіндегі болған жүйені, бірақ демократиялық және нарыққа негізделген болуы керек деген ескертпемен таңдайды (26,7%). Соңғы үш жыл ішінде бұл ұстаным азаматтар үшін бірінші кезектегі болып қала береді. Алайда, жыл сайын бұл көрсеткіш қысқаруда (2020 жылы - 28,7%, 2019 жылы - 31,1%) (14-кесте).

Жауаптар бойынша екінші орынды «Батыс типтегі демократиялық республика» жауап нұсқасы алады, оны 2021 жылы 20,2% және 2020 жылы 16,2% таңдады.

Үшінші орында - «қайта құруға дейін біздің елде болған саяси жүйе» - сәйкесінше 16,7% және 15%.

«Тәртіпті бостандықтан жоғары қоятын авторитарлық жүйе», «Ислам Республикасы» және «монархия, ұрпақтан - ұрпаққа берілетін билік» жауаптарының нұсқаларының тартымдылығы аз.

Әлеуметтік-демографиялық бөлініс тұрғысынан қатты айырмашылықтар байқалады.

Барлық топтарда «кеңес заманында болған, бірақ демократиялық және нарыққа неізделген жүйе» деген жауап нұсқасы таңдалды, дегенмен қала тұрғындары (27,1%), әйелдер (28,4%), 46-60 жастағы респонденттер (29,3%), орыстар (30,4%) және Ақтөбе - 67,9%, Маңғыстау - 50% облыстарының тұрғындары арасында ең жоғары көрсеткіштер болып табылады.



*14-кесте*

*«Сіздің ойыңызша, Қазақстан үшін қандай саяси жүйе ең қолайлы?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %, 2019-2021 жылдар динамикасында*

	2021	2020	2019
Қайта құруға дейін біздің елде болған саяси жүйе	16,7	15,0	17,2
Кеңес заманында болған, бірақ демократиялық және нарыққа негізделген жүйе	26,7↓	28,7	31,1
Тәртіпті бостандықтан жоғары қоятын күшті авторитарлық жүйе	7,0	12,9	10,2
Монархия, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін билік	1,5	3,7	2,6
Батыстық типтегі демократиялық республика	20,2↑	16,2	24,2
Ислам республикасы	7,7	9,2	6,7
Басқа (Саясатқа қызықпаймын)	0,4	-	-
Жауап беруге қиналамын	19,8↑	14,4	7,9

Қазақстандықтардың саясатқа қызығуына қарамастан, тұратын жерінде болып жатқан саяси оқиғалар 64,4% азаматты алаңдатады (жауаптардың жиынтық көрсеткіші «иә» және «жоқ дегеннен гөрі иә»). Жалпы, 15-кестеде аймақта, елде және әлемде болып жатқан саяси оқиғаларға қызулығы үшін симметриялы көрініс көрсетілген. 60,6% респондент әлемдік саяси өмірінде не болып жатқанына ең аз қызығушылық танытады. Тиісінше, дауыстарының көпшілігін, яғни 39,4% сауалнамаға қатысушы әлемнің саяси өмірі қызықтырмайтынын белгілеп өтті.

Саяси құбылыстарға сауалнамаға қатысқандардың арасында ең көп қатысы бар қала тұрғындары мен ер адамдар.

*15-кесте*

*«Сізді мемлекеттің, аймақтың, қаланың немесе ауылдың саяси өміріндегі болып жатқан оқиғалар қызықтырады ма?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %*

Жауап нұсқалары	«Иә» және «Жоқ дегеннен гөрі иә» жауаптарының қосындысы					«Жоқ» және «Иә дегеннен гөрі жоқ» жауаптарының қосындысы
	БАРЛЫҒЫ	Қала	Ауыл	Ер адам	Әйел	БАРЛЫҒЫ
Аймақтың саяси өмірінде болып жатқан оқиғалар	61,2	61,6	60,6	66,7	56,1	38,8
Қала немесе ауыл саяси өмірінде болып жатқан оқиғалар	64,4	65,3	62,9	68,2	60,8	35,6
Мемлекеттің саяси өмірінде болып жатқан оқиғалар	62,0	63,2	60,2	66,7	57,8	38,0
Әлемнің саяси өмірінде болып жатқан оқиғалар	60,6	61,9	58,4	66,0	55,5	39,4

Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі үшін елдің саяси өміріне қатысудың ең жоғары деңгейі сайлауға қатысу арқылы көрінеді – 55,0%.

Қазақстандықтардың электоралды мінез-құлқы мемлекетпен өзара іс-қимыл айналымына тартылуының белгісі ретінде айқындалады.

Жоғарыда азаматтардың саясатқа деген қызығушылығының төмен деңгейі туралы айтылды. Бұл мәліметтер осы сұрақта тағы да расталады. «Маған елдің саяси өмірі қызық емес» (16,9%) және «елдің саяси өміріне қатыспаймын» (25,6%) жауаптарының жиынтық көрсеткіші 42,5% құрайды.

Сауалнамаға қатысқандардың 5,1% саяси сипаттағы митингтерге, демонстрацияларға қатысатындарын көрсетті. Сайлау науқандарын ұйымдастыруға 4,6% респондент қатысты. Қолтаңба жинаумен 4,3% респондент айналысты, ал 3,8% сауалнамаға қатысқандар елдің саяси өміріне қатысу нысаны ретінде партияға мүшелігін, партиялық қызмет, басқа саяси топтарға, қоғалыстарға мүшелікті атап өтті (7-диаграмма).

**7-диаграмма**  
**«Елдің саяси өміріне қатысуыңыздың барлық формаларын белгілеңіз» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %**



## Партиялық жүйеге қатынасын анықтау

Партиялық жүйенің маңызды институты - бұл қоғамдық өмірдің барлық салаларында халықтың саяси ерік-жігерін қалыптастыруға бағытталған саяси партиялар болып табылады<sup>10</sup>.

Елдің партиялық жүйесінің қанағаттанушылығын бағалау мақсатында респонденттерге тиісті сұрақтарға жауап беру ұсынылды.

Осылайша, зерттеу нәтижелері бойынша партиялық жүйеге қанағаттандудың жеткілікті деңгейі анықталды, сонымен қатар «Нұр Отан» партиясы басымдыққа ие болып отыр. Сауалнамаға қатысқандардың тең жартысы (50,0%, нұсқалардың жиынтығында «қанағаттандырылды» - 19,4%

<sup>10</sup> Политическая система: теоретические аспекты и опыт Казахстана. Уч. пособие / Булуктаев Ю.О., Буканова Ж.К., Иманбаева С.Е., Масатова Б.Б. - Астана: Школа политического менеджмента, 2016. – 156 с.

және «қанағаттандырылды деуге болады» - 30,6%) Қазақстанның қазіргі партиялық жүйесіне деген қанағаттанарлық қатынасты білдіреді. Сонымен қатар, 2020 жылы ондай көрсеткіш шамамен 60% болды. Оның 18,2% толық қанағаттандырылса, 40,3% қанағаттандырылды деуге болады.

Партиялық жүйеге қанағаттанатындардың ең жоғарғы көрсеткіші әйелдер - 51,2% (ер адамдар - 48,7%), ауыл тұрғындары - 50,9% (қала тұрғындары - 49,4%), 61 және одан жоғары жастағы азаматтар - 53,3% және қазақтар - 52,0% болды.

Іс жүзінде әрбір үшінші тарапты қазіргі партиялық жүйесі қанағаттандырмайды (осыл жылғы 30,8% өткен жылғы 31,0% қарсы) (16-кесте).

**16-кесте**

**«Сіз қазіргі партиялардың жүйесіне, яғни «Нұр Отан» партиясының үстем болуы және кем дегенде тағы бір партияның Парламентке кіру мүмкіндігінің бар – жоғына қанағаттанасыз ба?», %, әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар бөлінісінде**

	Қанағаттанарлық баға	Қанағаттанарлықсыз баға	ЖБҚ
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>50,0</b>	<b>30,8</b>	<b>19,2</b>
Ер адам	48,7	35,0	16,3
Әйел	51,2	27,0	21,8
Қала	49,4	30,4	20,2
Ауыл	50,9	31,5	17,5
18-29 жас	52,8	26,8	20,4
30-45 жас	47,4	34,9	17,8
46-60 жас	49,5	28,5	22,0
61 және одан жоғары жас	53,3	30,6	16,1
Қазақ	52,0	32,4	15,6
Орыс	47,1	31,1	21,8
Басқа	43,5	20,6	35,9

Өңірлер бөлінісінде қанағаттану көрсеткіштері 82,5% 12,3% дейін ауытқиды, бұл 17-кестеде көрсетілген. Бұл ретте ең жоғары көрсеткіштер Қостанай облысында - 82,5%, Жамбыл облысында - 76,1%, Ақтөбе облысында - 73,7%, Қызылорда облысында - 72,9%, Солтүстік Қазақстан облысында - 70,0% болып табылады.

Өткен жылы партиялық жүйеге қанағаттану деңгейі жоғары аймақтардың тізімі сәл өзгеше болды. Мысалы, оған Жамбыл (86,6%), Қостанай (84,4%), Батыс Қазақстан (81,8%), Солтүстік Қазақстан (80,0%) облыстары және Алматы қаласы (70,7%) кірді.

Нұр-Сұлтан - 63,0%, Павлодар - 50,9%, Алматы - 45,7%, Маңғыстау - 40,0% облыстарының респонденттері қанағаттандырылмады. Нұр-Сұлтан тұрғындарының қанағаттанбаушылық көрсеткіші бұрынғы деңгейде қалып отыр. Алайда, Маңғыстау облысының тұрғындары арасында осы көрсеткіштің күрт төмендегенін атап өткен жөн, ол 2 есеге қысқарды. Ал Павлодар және Алматы облыстарында партиялық жүйеге қанағаттану деңгейі 2 есеге жуық өсті.

## 17-кесте

«Сіз қазіргі партиялардың жүйесіне, яғни «Нұр Отан» партиясының үстем болуы және кем дегенде тағы бір партияның Парламентке кіру мүмкіндігінің бар – жоғына қанағаттанасыз ба?», %, өңірлік бөліністе

	Қанағаттандырады		Қанағаттандырмайды		Жауап беруге қиналамын	
	2021	2020	2021	2020	2021	2020
Ақмола облысы	19,6	70,6	27,5	23,5	52,9	5,9
Ақтөбе облысы	<b>73,7</b>	64,9	24,6	29,8	1,8	5,3
Алматы облысы	49,6	62,5	<b>45,7</b>	28,9	4,7	8,6
Атырау облысы	23,7	57,9	15,8	23,7	60,5	18,4
Батыс Қазақстан облысы	40,9	<b>81,8</b>	36,4	15,9	22,7	2,3
Жамбыл облысы	<b>76,1</b>	<b>86,6</b>	10,4	11,9	13,4	1,5
Қарағанды облысы	58,3	51,5	26,0	<b>41,2</b>	15,6	7,2
Қостанай облысы	<b>82,5</b>	<b>84,4</b>	12,7	7,8	4,8	7,8
Қызылорда облысы	<b>72,9</b>	54,2	18,8	37,5	8,3	8,3
Маңғыстау облысы	60,0	12,5	<b>40,0</b>	<b>87,5</b>	0,0	0,0
Түркістан облысы	44,5	45,0	29,1	46,8	26,4	8,3
Павлодар облысы	18,9	64,8	<b>50,9</b>	20,4	30,2	14,8
Солтүстік Қазақстан облысы	<b>70,0</b>	<b>80,0</b>	27,5	20,0	2,5	0,0
Шығыс Қазақстан облысы	43,8	61,2	29,2	17,3	27,1	21,4
Нұр-Сұлтан	12,3	4,2	<b>63,0</b>	<b>66,2</b>	24,7	29,6
Алматы	57,0	<b>70,7</b>	21,5	18,8	21,5	10,5
Шымкент	40,3	39,3	38,7	<b>39,3</b>	21,0	21,3

Қазақстан 6 саяси ресми тіркелген партиясы бар, көппартиялық жүйемен сипатталады. Бұл ретте ұзақ жылдар бойы абсолютті саяси көшбасшы «Нұр Отан» партиясы болып табылады. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының соңғы сайлауының нәтижелері бойынша «Нұр Отан» партиясы Мәжілістегі үстем партия мәртебесін сақтап, 71,1% дауыс жинап, 76 орынға ие болды. Бірақ 2016 жылғы алдыңғы сайлаумен салыстырғанда партия 11,1% аз дауыс жинады және 8 орынға түсті. «Нұр Отанның» еліміздің басым партиясы екендігіне ешқандай күмән жоқ. 2021 жылдың 2 тоқсанында елдегі қоғамдық-саяси жағдайды зерттеу мақсатында КҚДИ жүргізген тағы бір әлеуметтанулық зерттеу нәтижелеріне сәйкес, респонденттердің көпшілігі (67,5%) осы партия туралы хабардар екендігін атап өтеді.


Соңғы 3 жылдағы зерттеу нәтижелеріне қарап, қазақстандықтар арасында пікір плюрализмі мен көппартиялықтың жойылғаны байқалады.

Алайда 35,0 % респонденттің көзқарасы бойынша көп партиялы жүйе бүгінгі даму кезеңінде Қазақстан үшін әлі де неғұрлым қолайлы болып қалуда екенін көре аламыз. 2020 жылы бұл 44,2%, ал 2019 жылы 50,5% үшін қолайлы болды.

Ең шағын топты екі партиялы жүйені жақтаушылар құрайды - 19,4%. Өткен жылы ең төменгі көрсеткішпен бір партиялық жүйе болды (14,7%).

Жауап беруге киналғандардың үлесі өте жоғары - әрбір төртінші респондент (25,6%). 2020 және 2019 жылдармен салыстырғанда күмәнданушылар көп болды.

**8-диаграмма**  
**«Сіздің ойыңызша, бүгінгі даму кезеңінде Қазақстан үшін қандай партиялық жүйе неғұрлым лайық?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %, 2019-2021 жылдар динамикасында**



Көппартиялы жүйе ел үшін ең қолайлы деп негізінен ер адамдар (31,0% әйелдерге қарсы 39,4%), ауыл тұрғындары (28,7% қала тұрғындарына қарсы 44,5%) санайды, бірақ өткен жылы бұл керісінше болды. Сондай-ақ, бұл пікірді 61 және одан жоғары жастағы азаматтар (42,2%), қазақтар (28,0% орыс және 21,4% басқа) жиі ұстанады.

Халықтың электоралды белсенділігінің жоғары көрсеткіштері әрдайым шынайы бола бермейді. Респонденттердің сайлауға қатысуы көбінесе олардың кәсіби міндеттерін орындауымен байланысты. Сондықтан, мұндай қатені жою үшін сауалнамаға қатысушыларға «Егер сіз сайлауға дауыс беруге баратын болсаңыз, онда СИЗ...» деген гипотетикалық сұрақ қойылды және 9-диаграммада көрсетілген нұсқаларды таңдау ұсынылды.

Сонымен, респонденттердің көпшілігі, атап айтқанда 39,8%, кандидатты таңдағанда, олар өз дауысын кімге беру керектігін алдын ала біледі және кандидат, оның қызметі, саяси көзқарастары мен жоспарлары туралы ақпаратқа ие болады.


Респонденттердің 20,3% кімге дауыс беруді білетіндерін көрсетеді, бірақ кандидаттың өзі, оның қызметі, саяси көзқарастары мен жоспарлары туралы толық ақпаратқа ие емес. Әдетте, мұндай сайлаушылар тек жақын адамдарының ұсыныс пікірлері бойынша белгілі бір кандидатты таңдайды.

Респонденттердің 15,9% тура дауыс беретін сәтте өз дауысын кімге беру керектігі туралы шешім қабылдайтындықтарын мойындайды.

Сайлауға қатыспағандардың/қатыспайтындардың айтарлықтай үлесі жоғары – 22,0%.

Бұл мәліметтер 2021 жылғы 2-тоқсандағы қоғамдық-саяси жағдайды зерделеу мақсатында ҚҚДИ жүргізген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелерімен расталады. Нәтижелерге сәйкес, сайлауда міндетті түрде дауыс беретін азаматтардың үлесі сауалнамаға қатысқандардың 35,9% құрайды.

**9-диаграмма**  
**«Егер сіз сайлауға дауыс беруге баратын болсаңыз, онда СІЗ ...», сұрағына жауаптардың бөлінуі, %**



## **Халықтың дамудың қазақстандық моделін қабылдау деңгейін анықтау**


Тәуелсіз Қазақстанды құру жолы КСРО ыдырағаннан кейін күйреген экономика мен саясатты жандандырудан басталды. Елбасының «Алдымен экономика, содан кейін саясат» қағидатының арқасында Қазақстан аграрлық экономикадан өнеркәсіптік-сервистік экономикаға өтті. Елді индустрияландыру және урбанизациялау процесі басталды<sup>11</sup>. Сондықтан бұл қағидат халықтың дамудың қазақстандық моделін қабылдау деңгейін анықтау зерттеуде өлшеудің маңызды бірліктерінің бірі болып табылады.

<sup>11</sup> <https://liter.kz/13206-printsip-elbasy-snachala-ekonomika-potom-politika-srabotal/>

Елдің жалпы даму бағытын бағалау контексінде респонденттерге жоғарыда аталған «Алдымен экономика, содан кейін саясат» қағидаты бойынша дамудың қазақстандық моделін қолдауы туралы сұрақ қойылды.

Сауалнама нәтижелері бойынша, жалпы алғанда, 65,1% респондент қолдайтынын білдірді, олардың төрттен бірі «толығымен қолдаймын» нұсқасына келеді, әрбір үшінші адам «қолдаймын деуге болады» нұсқасын атап өтті. Алайда, қолдау деңгейі өткен жылмен салыстырғанда 15,2% төмендеді (2020 жылы қолдау жауаптарының жиынтығы 80,3% құрады). Жалпы, сауалнамаға қатысқандардың 18,6% осы формуланы қолдамайды (2020 жылы олар 13,5% болды). Жауап беруге қиналғандардың үлесі 10% өсті (10-диаграмма).

**10-диаграмма**  
**«Негізгі формуласы «Алдымен экономика, содан кейін саясат» болып табылатын қазақстандық даму моделін қолдайсы ба?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %**



Егжей-тегжейлі талдау көрсеткендей, «алдымен экономика, содан кейін саясат» формуласын жынысына, жасына және басқа параметрлеріне қарамастан респонденттердің көпшілігі ақталған деп санайды. Мәселен, қала тұрғындары мен ауыл тұрғындары арасында 67,8% және 61,2%, ер адамдар мен әйелдер арасында - 64,3% және 65,9% қолдайды. Этностық топтар бөлінісіндегі мәліметтерде қолдаудың жоғары деңгейін көрсетеді, дегенмен басқа этнос өкілдері арасында орта көрсеткіштен төмен екендігі байқалады - 53,4% (18-кесте).

**18-кесте**  
**«Негізгі формуласы «Алдымен экономика, содан кейін саясат» болып табылатын қазақстандық даму моделін қолдайсыз ба?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %, әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар бөлінісінде**

	«Толығымен қолдаймын» және «Қолдаймын деуге болады» жауаптарының қосындысы	«Толығымен қолдамаймын» және «Қолдамаймын деуге болады» жауаптарының қосындысы	Жауап беруге қиналамын
<i>Елді-мекен типі бойынша</i>			
Қала	<b>67,8</b>	15,3	16,9
Ауыл	<b>61,2</b>	23,7	15,1

	«Толығымен қолдаймын» және «Қолдаймын деуге болады» жауаптарының қосындысы	«Толығымен қолдамаймын» және «Қолдамаймын деуге болады» жауаптарының қосындысы	Жауап беруге қиналамын
<i>Елді-мекен типі бойынша</i>			
<i>Этникалық құрамы бойынша</i>			
Қазақ	<b>67,6</b>	18,5	13,8
Орыс	63,4	18,3	18,3
Басқа	53,4	19,8	26,7
<i>Жынысы бойынша</i>			
Ер адам	<b>64,3</b>	20,4	15,3
Әйел	<b>65,9</b>	17,0	17,0
<i>Жас шамасы бойынша</i>			
18–29 жас	65,7	16,8	17,5
30–45 жас	66,0	18,9	15,1
46–60 жас	65,2	15,7	19,1
61 және одан жоғары жас	62,2	25,6	12,2

Респонденттерге Қазақстан қандай бағыттар бойынша дамуы керектігі туралы пікір білдіру мүмкіндігі ұсынылды. Алғашқылардың қатарында «экономикалық өсудің жоғары деңгейі» (47,2%) және «экономиканың тұрақтылығы» (35,3%) аталды.

Өткен жылы ел дамуының негізгі бағыттары бойынша өлшеу басқа сұрақ пен жауап нұсқалары арқылы жүзеге асырылды. Өткен жылғы мәселе жағдайында («Сіздің ойыңызша, қазақстандық даму моделінің қандай құрамдас бөліктері бүгінгі күні өзекті болып табылады») нарықтық экономиканың дамуы (40,1%) және Қазақстанның рухани жаңғыруы (30,9%) жетекші орынға ие болды.

Индустриялық-инновациялық даму 2020 жылы рейтингтің үштігін 16,3% тұйықтады. Индустриялық-инновациялық даму қала мен ауыл қолайлығы және жайлылығымен тікелей байланысты. Жоғарыда айтылғандай, бұл мәселе ағымдағы жылы әрбір үшінші қазақстандықты алаңдатады (30,5%) (19-кесте).

**19 кесте**  
**«Сіздің ойыңызша, Қазақстан қандай бағыттар бойынша даму қажет?»**  
**сұрағына жауаптардың бөлінуі, %**

	<b>2021 ж.</b>
Экономикалық өсудің жоғары деңгейі	<b>47,2</b>
Экономиканың тұрақтылығы	<b>35,3</b>
Қала мен ауылдарды ыңғайлы және жайлы ету	<b>30,5</b>
Бизнесті дамыту	22,2
Адамдардың өз бетінше шешім қабылдауға көбірек мүмкіндіктері болған кезде жағдай жасау, олар жұмыста, тұрғылықты жерінде және т. б.	21,9
Технологияларды дамыту	21,3
Шешім қабылдау кезінде адамдарға Үкіметке көбірек әсер етуге мүмкіндік беру	18,4



Жоғары қорғаныс қабілеті, елдегі тәртіпті сақтау	17,8
Сөз бостандығын қорғау	17,8
Қылмыспен күрес	14,3
Неғұрлым гуманистік қоғамға көшу	8,8
Басқа этностармен келісімде өмір сүру	8,4
<i>Басқа (білім беру саласын жетілдіру, барлық бағыттарда даму қажет, өндірісті дамыту, ауыл шаруашылығын дамыту)</i>	1,0
Жауап беруге қиналамын	2,3

Сонымен бірге, респонденттер бизнесті дамытудың, өмірдің негізгі салаларында Шешім қабылдау кезінде адамдарға Үкіметке көбірек әсер етуге мүмкіндік беру, технологиялардың дамуы, жоғары қорғаныс қабілеті, сөз бостандығын қорғау және қылмыспен күрестің маңыздылығын атап өтті. Тәуелсіз Қазақстанның стратегиялық дамуының негізін құраған қызмет бағыттары қоғамдық санада бірінші орынға ие болды.

### Экономикалық және саяси басымдықтардың үйлесімділігі мен үйлесімсіздігі

Мемлекеттің тиімді дамуы – әлеуметтік-тұрақты тіршілігінің негізгі бағыттары бойынша сәтті трансформация жасау үшін әрдайым модернизациялаушы құралдардың кешенді жүйесі.

Ағымдағы жылдың басында Президент Қ.Ж. Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында ел дамуының басымдықтары туралы айтты. Тәуелсіздіктің отыз жылдығы экономикалық және саяси реформалар, білім беру мен денсаулық сақтауды дамыту, цифрландыру, адамдардың құқықтарын қорғау, экологиялық проблемаларды шешу белгісімен өтетініне назар аударды<sup>12</sup>.

Қазақстандықтардың электоралды белсенділігінің төмен дәрежесі елді политикалық емес деп бағаламайды. Адам елдің саяси өміріне қатысуына қаншалықты қарсылық білдіруіне қарамастан, ол қандай да бір жолмен белгілі бір көзқарастар мен сенімдерге ие. Бұл тарауда біз экономикалық және саяси аспектілерге қатысты осы көзқарастардың үйлесімділігін/үйлесімсіздігін өлшеуге тырысамыз.

Алдымен респонденттер өздерінің басымдықтарына сәйкес келетін ең қолайлы саяси жүйені таңдауы керек еді. Мәліметтер *11-диаграммада* көрсетілген.

